



РУХҚА – ҚҰРМЕТ, РӘСІМГЕ РЕТ КЕРЕК

Пенде бақиға өткенде бақ, байлық, атақ пен даңқ – бәрі пәни дүниеде қалады, оның титімдей де бөлігін өзімен әкетуге тіпті ешбір патшаның қауқар-құзыры жоқ. Содан адам ақырғы демі шыққан соң өзіне соңғы рет құрмет көрсетілгенін, арулап ақиретке аттандырғанын қалайды. Қиямет қайымға шығарып салушы жұрттың оның сауапты істерін ауызға алып, иманын арттырып, жаны үшін жәннатқа жол ашуын тілейді. Бірақ бұқара үшін осы соңғы арман қолжетімсіз бола түсті. Жерлеу жоралғысы қызметтерінің құны қымбаттады. Депутаттар бұл көлеңкелі, аса табысты саланы мемлекеттік бақылауға алуды ұсынды.

→ 13

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТИ ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ЖӨН




Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында экологияны қорғау, таза орта қалыптастыру мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Президенттің «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында «AMANAT» партиясы еліміздің барлық өңірінде «Таза бейсенбі» экоакциясын өткізуді дәстүрге айналдырып келеді.

→ 3

• БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ПОЭЗИЯ МАХАББАТПЕН
БАСТАЛЫП,
ПАРАСАТПЕН АЯҚТАЛАДЫ



→ 6-7

ТҰҒЫРДАН
ТҮСПЕГЕН ТУ



→ 16



ЖАСАНДЫ ЗЕРДЕ – ОЙДЫҢ ОДАҚТАСЫ

Ғылыми ізденістің табиғаты соңғы жылдары түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Бұған себеп – жасанды интеллект мүмкіндіктерінің күн санап кеңеюі. Ақпарат іздеу, әдеби шолу жасау, мәтінді құрылымдау, тілдік редакциялау сынды процестер енді жалғыз зерттеушінің иығындағы жүк емес. Күрделі модельдерге негізделген жасанды интеллект құралдары бұл үдерістерді едәуір жеңілдетіп отыр. Алайда ғылыми дәлдік пен этикалық жауапкершілік тұрғысынан мұндай көмек қаншалықты сенімді? Бүгінде зерттеушілер бұл технологияға қалай қарайды? Біз осы өзекті сұрақтардың жауабын іздеп көрмек болдық.

→ 12

ҚАЛА ШЕТІНДЕГІ ҚАЗЫНА

Астананың бір шетінде, көпқабатты үйлер мен заманауи дүкендердің көлеңкесінде ерекше бір орын бар. Ол – Берік Әлібайдың музей-үйі. Тәрде – ескі өңіржиек, қабырғада – қылыш, сөрелерде – күмістен соғылған әшекейлер. Мұнда әр заттың, әр бұйымның өз үні, өз тағдыры бар. Ал осы дүниелердің иесі – зергер, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Карл Фаберже орденінің иегері әрі рухани мұра сақтаушысы Берік Әлібай.



→ 8-9

БАСПАСӨЗ-2025



AIQYN

AIQYN республикалық
қоғамдық-саяси газетіне
екінші жартыжылдыққа
жазылу басталды

Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакция бағасы	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
Заңды тұлғалар үшін	15102 - AIQYN	6 ай	10 500	Қала	Ауыл
Жеке жазылушылар үшін	65102 - AIQYN	6 ай	6 250	15 871,08	11 854,86
				7604,46	



Анықтама телефондары:

«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21



САЯСАТ

17 МАМЫР 2025 | СЕНБІ



ОРТАҚ МҮДДЕГЕ КҮШ ЖҰМЫЛДЫРУ МАҢЫЗДЫ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың қатысуымен «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының кеңейтілген отырысы өтті. Іс-шара «Бір ел – бір мүдде: бейбітшілік пен өркендеу жолында» тақырыбына арналды.

Мәулен Әшімбаев қатысушыларға ілтипат білдіре келіп, ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүргізіліп жатқан ауқымды саяси реформалардың нәтижесінде Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметі тың серпін алғанын атап өтті. Сондай-ақ палата Спикері елімізде бейбітшілік пен келісімді нығайту айрықша қоғамдық-саяси маңызға ие екенін айтты. Ассамблеяның жұмысы табан тірейтін «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидаты инклюзивті мемлекеттік саясаттың негізгі мәнін көрсетеді.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында сөйлеген сөзінде Ассамблеяның басты міндеті Қазақстан халқының татулығы мен ауызбіршілігін, мемлекетіміздің тұтастығы мен киелі тәуелсіздігімізді нығайту екенін айрықша атап өтті. Мемлекет басшысы белгілеп берген мақсат-міндеттер қоғамда келісім, сыйластық және ынтымақтастық сияқты құндылықтарды берік орнықтыру жолындағы күн тәртібін айқындайды. Еліміздің жан-жақты дамуын көздейтін осы стратегиялық бағдарды қолдау аса маңызды. Азаматтық қоғамның белсенді қолдауының арқасында және Ассамблеяның барлық институтын, мемлекеттік

құрылымдарды, депутаттық корпусы жұмылдыра отырып, біз тұрақты, әділетті, әлеуметтік және инклюзивті Қазақстан қалыптастыра аламыз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сенат Төрағасы атап өткендей, Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамдық келісім мен этносаралық қатынастың ұлттық үлгісін көрсеткен маңызды институтқа айналды.

Сонымен қатар палата Спикері қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік саласындағы заңнамалық қамтамасыз ету жұмыстарын үйлестірудің және ортақ мүддеге күш жұмылдырудың маңызына тоқталып, бұл «Бір ел – бір мүдде» депутаттық тобының негізгі міндеті екенін айтты. Сондай-ақ Сенат Төрағасы аталған топ ҚХА-ны 2030 жылға дейінгі дамыту тұжырымдамасының негізгі басымдықтарын талқылайтын маңызды алаң бола алатынын тілге тиек етті.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезіне дайындық барысына да назар аударды. Ол аталған форум ҚХА сияқты халықтық дипломатия мен диалог және құрмет пен сенім мәдениетін ілгерілетуге қызмет ететінін жеткізді.

Мейір ЖАСЫН

БАУЫРЛАС ЕЛДЕР БАЙЛАНЫСЫ ЖАҢА СЕРПІН АЛАДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.



Депутаттар ратификациялауға қатысты бірнеше заң жобасын қарастыратын болады. Олардың қатарында — Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы келісім, сондай-ақ Қырғыз Республикасымен одақтас-тық қатынастарды тереңдету және кеңейту туралы шарт бар.

Түрікменстанмен жасалған келісім инвестициялық қызмет үшін қолайлы жағдай жасауға, тікелей шетелдік инвестициялар ағынын ынталандыруға және екі елдің экономикалық әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Ал Қырғыз Республикасымен жасалған шарт ынтымақтастықтың саяси, экономикалық, көлік, су-энергетика секторы және ауыл

шаруашылығы сияқты кең ауқымды бағыттарды қамтиды. Ерекше назар азық-түлік қауіпсіздігі мәселелеріне аударылған, оның ішінде бірлескен кәсіпорындар құру арқылы бұл бағыттағы ынтымақтастықты күшейту көзделген. Құжат сондай-ақ бауырлас халықтардың рухани және мәдени жақындығын нығайтуға екі мемлекеттің ұмтылысын растайды.

Сонымен қатар күн тәртібі жобасына инновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру мәселелері бойынша заң жобасын екінші оқылымда қарау енгізілген. Құжатта бірыңғай инновациялық кластер құру және оның қатысушыларына көрсетілетін қолдау шараларын кеңейту көзделген.

ПРЕЗИДЕНТТІК КАДР РЕЗЕРВІНЕ ІРІКТЕУ БАСТАЛАДЫ

Кеше Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай Президенттік жастар кадр резервіне кезекті іріктеудің ерекшеліктері мен кезеңдері туралы айтты.

Мемлекет басшысы Президенттік жастар кадр резервінің форумында атап өткендей, «еліміздегі бизнес, ауыл шаруашылығы, қаржы, медицина, білім және басқа да секторларда табысты еңбек етіп жүрген адамдар жеткілікті. Нақты нәтижеге ұмтылып, тұтынушының қажеттілігін өтеу үшін жұмыс істейтін осындай мамандардың әлеуетін жұмылдыру керек».

Бұған дейін 2019, 2021 және 2023 жылдары өткен іріктеулерге қатысуға жалпы 60 мыңнан астам қазақстандық қызығушылық танытты. Іріктеулер қорытындысы бойынша резервке 400 адам қабылданды. Бүгінде олардың 318-і жауапты қызметтерге тағайындалып, экономиканың түрлі саласында еліміздің дамуына өз үлесін қосуда.

Атап айтқанда, 167-сі — орталық мемлекеттік органдарда, 37-сі — жергілікті ат-

қарушы органдарда, 62-сі — ұлттық компанияларда, 52-сі өзге ұйымдарда қызмет атқаруда. Сондай-ақ 39 резервші саяси лауазымдарда, 3-еуі — «А» корпусының лауазымдарында, 2-еуі — Мәжіліс депутаты, 1-еуі мәслихат депутаты болып қызмет етуде.

Дархан Жазықбайдың айтуынша, биылғы іріктеудің басты ерекшелігі — әр бағыт бойынша кандидаттардың біркелкі санын қамтамасыз ету мақсатында әрбір кезеңде пропорционалды іріктеу өткізу. Резервтің әр салалық бағыты бойынша квоталар қарастырылып, іріктеу сол салалық бағыт бойынша ғана жүргізілетін болады. Бұл әдіс салалар арасындағы теңгерімді қамтамасыз етіп, нақты бағыттар бойынша үміткерлерді іріктеуді қамтамасыз етеді.

Іріктеу мемлекеттік аппараттың салалық кадрларға қажеттілігін ескере отырып,

инфрақұрылым, өнеркәсіп және сауда саясаты, агроөнеркәсіптік кешен және қоршаған орта, сыртқы саясат және инвестициялар; экономикалық және қаржылық саясат, цифрландыру, әлеуметтік саясат және азаматтық қоғам сынды 6 негізгі сала бойынша жүргізіледі. Кандидат тіркелу кезінде көрсетілген салалық бағыттардың бірін таңдауы қажет.

Үміткерлерге қойылатын талаптар өзгеріссіз қалады: іріктеуге жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі және 5 жыл жалпы жұмыс тәжірибесі бар, мемлекеттік тілді В1 деңгейінен төмен емес меңгерген Қазақстан Республикасының азаматы қатыса алады.

Президенттік жастар кадр резервінің мүшесі болу үшін үміткерлер 6 кезеңнен тұратын кешенді іріктеуден өтуі тиіс.

Құжаттарды қабылдау — 1-30 маусым аралығында rkzegov.gov.kz ресми платформасында онлайн режимде жүзеге асырылады. Іріктеудің объективтілігін қамтамасыз ету үшін кандидаттардың деректері жеке нөмір беру арқылы жасырылады. Бағалаушылар үшін үміткердің кім екені беймәлім болады.

Мәтіндік және сандық ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалау — тестілеу прокторинг жүйесімен, аудио және бейнефиксациямен өтеді, әділдік пен ашықтық қамтамасыз етіледі. Талаптарға

сәйкес келетін барлық кандидат мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін бағалаудан өтеді. Бұл ретте сандық тестілеуге әр салалық бағыт бойынша ең көп балл жинаған кандидаттардың 50%-ы жіберіледі.

Ситуациялық тапсырмаларды шешу кезеңі — кандидаттардың таңдаған салалық бағыттарына байланысты нақты проблемаларды шешу бойынша ұсыныстарын бағалауға бағытталған. Бұл кезең онлайн-режимде эссе жазу форматында өтеді.

Ассессмент-орталығы мен құзыреттер бойынша сұхбат — офлайн форматта, Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясында өтетін бұл кезеңде үміткерлер мінез-құлық индикаторлары және кәсіби құзыреттер бойынша топтық және жеке тапсырмалардан өтеді. Онлайн форматтағы жеке сұхбат кәсіби HR-менеджерлермен өткізіледі.

Сарапшылық комиссиямен әңгімелесу — арнайы комиссиямен сұхбаттасу түрінде жүзеге асырылады. Оның қорытындысы бойынша Ұлттық комиссия отырысына 100-ден аспайтын кандидат тізімі ұсынылады.

Ұлттық комиссия отырысының қорытындысымен үздік 50 кандидат Президенттік жастар кадр резервіне қабылданды.

БАҒДАР

17 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

ШАБАНДОЗДАР МАРАФОНЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Қонаев қаласында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған халықаралық «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесі өз мәресіне жетті. Жарысты «AMANAT» партиясының қолдауымен Алматы облысы әкімдігі және Ұлттық спорт қауымдастығы бірлесіп ұйымдастырды.

Жеңімпаздарды марапаттау салтанатына «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек, Премьер-Министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжанов, Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев, Қарағанды облысы әкімінің орынбасары, JORYQ ат спорты федерациясы қамқоршылық кеңесшісі Әлібек Әлденей, Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Еркебұлан Илиясов және JORYQ ат спорты федерациясының президенті Бақытжан Тұрлыбеков қатысты.

«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек ұлттық спорт түрлерін дамыту — бұл тек қазақтың салт-дәстүрін сақтау және мәдени мұраны насихаттау ғана емес,

сонымен қатар жас ұрпақты тәрбиелеудің маңызды тетігі екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың IV отырысында Қазақстан көшпенділер өркениетінің бесігі, дамыған орталығы екенін, түрлі халықтар мен мәдениеттерді біріктіретінін айтты. Мұның жарқын мысалы — елімізде өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары. «AMANAT» партиясы бұл бағытта ауқымды жұмыс атқаруда. Партия жыл сайын халықаралық «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесін ұйымдастыруға атсалысады. Біз қоғамды ұлттық мәдени-тарихи құндылықтар төңірегінде топтастыруға ұмтыламыз. Сонымен қатар Қазақстанда этнотуризмді дамыту аса маңыз-



ды. Партиямыздың «Ұлттық мұра» жобасы жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеуге, ұлттық спортты, мәдениетімізді, өнеріміз бен салт-дәстүрімізді дәріптеу арқылы кастерлі құндылықтарымызды дамытуға бағытталған», — деді Дәулет Кәрібек.

Бес күнге созылған марафон нәтижесінде бірінші орынды Астана қаласының командасы иеленді. Олар 500 шақырым қашықтықты 31 сағат 19 минут 5 секундта жүріп өтіп, төзімділігі

мен шеберлігін дәлелдеді. Екінші болып мәре сызығын 32 сағат 26 минут 57 секундта Қырғызстанның (бірінші) командасы кесіп өтті. Ал жүлделі үшінші орынды Ұлытау облысының командасы иеленді. Олардың уақыт көрсеткіші — 32 сағат 37 минут 47 секунд.

Биыл жарысқа Мажарстан, Иран, Қырғызстан, Ресей және Оңтүстік Африка Республикасынан келген шабандоздарды қоса алғанда, барлығы 19 команда қатысты. Алайда мәреге тек 5 ком-

анда ғана жетті. Бұл — аса қатал тәртіп пен жарыс жолының қаншалықты қиын екенінің жарқын дәлелі.

Қазақстан мен шетелдің ең үздік шабандоздары бас қосқан «Ұлы дала жорығы» марафоны ұрпақтар сабақтастығының, қайтпас қайсар рухтың және ұлттық құндылықтарымызға, дара дәстүрімізге деген құрметтің символына айналды. Бұл — еліміздің спорттық және мәдени күнтізбесіндегі ең маңызды оқиғалардың бірі.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында экологияны қорғау, таза орта қалыптастыру мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Президенттің «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында «AMANAT» партиясы еліміздің барлық өңірінде «Таза бейсенбі» экоакциясын өткізуді дәстүрге айналдырып келеді.

Абай облысы Жарма ауданында Қалбатау №2 бастауыш партия ұйымының өкілдері ұйымдастырған тазалық жұмыстары Георгиевская атындағы мектептің аумағы мен орталық саябақты қамтыды. Сондай-ақ Үржар ауданындағы Айтбай ауылында да акция өтті. Ауылдың кіреберісі мен өзен арнасы тазаланып, шамамен 0,5 гектар жер күл-коқыстан арылды.

Партияның Алматы облыстық филиалының ұйымдастыруымен өткен кезекті «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы барысында Қонаев қаласындағы Төртінші саяжай аумағынан 6 тоннадан астам коқыс шығарылды. Іс-шараға 50-ге жуық адам қатысып, 200 қап тұрмыстық қалдықпен қатар, ірі көлемдегі пластик бөтелкелер,

сынған тұрмыстық техника мен құрылыс материалдарының қалдықтары жиналды.

«Максатымыз — көшені тазарту ғана емес, адамдарға тазалықтың маңызын түсіндіру. Бүгін студенттермен бірге Төртінші саяжайда 5 шақырымға жуық аумақты тазаладық. Балалар алаңдары мен қоғамдық орындарда да коқыс көп. Мұндай акциялар арқылы әр азаматтың жауапкершілігін оятқымыз келеді», — деді «Жастар Рухы» жастар қанатының мүшесі Әділет Айтказы.

Атырау облысы Қызылқоға ауданындағы Қаракөл және Айдын елді мекендерінде өткен тазалық жұмыстарына «Қаракөл» бастауыш партия ұйымының өкілдері қатысты. Олар ауыл ішін, балалар алаң-

Таза Қазақстан ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН ЖӨН

дарын тазартып, жеңіл жөндеу жұмыстарын жүргізді

Ал Алматы қаласында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы скверде «Жастар Рухы» жастар қанатының ұйымдастыруымен өткен акцияда 30-ға жуық белсенді жас демалыс орнын тазалап, жаяу жүргіншілер жолдары мен орындықтарды ретке келтірді.

«Біз өз ісіміз арқылы өзгелерге үлгі көрсетіп, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға шақырамыз. Бұл жердің әрқашан таза әрі көрікті болғанын қалаймыз», — деді «Жастар Рухы» ЖҚ Алматы қалалық филиалы төрағасының кеңесшісі Дана Білдебаева.

Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданы Сайқын ауылында «Сайқын», «Т.Жароков» және «Солтүстік» бастауыш партия ұйымдарының бастамасымен ауқымды экоакция өтті. Аудан әкімінің орынбасары Кенесары Нұршинов тұрғындарға алғысын білдіріп, бастаманың тұрақты жалғасатынын айтты.

Сондай-ақ Шымкенттегі тазалық жұмысына 100-ге жуық адам қатысты. Игі іске партия өкілдерімен қатар коммуналдық қызмет жұмысшылары да атсалысты. Тазалық жұмыстары аясында қатысушылар Нұртас мөлтек ауданы Кәусар көшесін коқыстан тазартып, жабайы шөптерді орып, бұталар мен ағаштарды ретке келтірді. Нәтижесінде, 1 тоннаға жуық коқыс жиналып, арнайы техникамен сыртқа шығарылды.

Жамбыл облысы Т.Рысқұлов ауданында «Жастар Рухы» жастар қанаты мүшелерімен бірге партия белсенділері Қарақыстақ шатқалында тазалық жүргізіп, 1 тоннаға жуық тұрмыстық қалдықты арнайы орынға жеткізді. Акцияға 20-дан астам ерікті қатысты.

«Қарақыстақ сияқты табиғаты көркем жерлерде адамдар демалып қана қоймай, артынан коқыс тастап кететін жағдайлар жиі кездеседі. Сол себепті мұндай орындарда экологиялық мәдениетті қалыптастыру — өте маңызды. Әр азамат қоршаған ортаға жанашырлықпен қарап, тазалыққа атсалысуы керек», — деді акцияға қатысушы ерікті Ақжол Бекмұрат.

Дәл осындай іс-шара Жетісу облысы Қаратал ауданы Үштөбе қаласын орталық саябағында да ұйымдастырылды. Акцияға 30-ға жуық адам жұмылдырылып, нәтижесінде 3 тоннадан астам коқыс жиналды. Қатысушылар қоғамдық орындардың тазалығына ерекше мән беріп, акция барысында аумақты коқыстан тазартып, көгалдандыру жұмыстарын да атқарды.

Қызылорда облысы Кармакшы ауданында аманаттықтар Жосалы кентіндегі «Ардагерлер аллеясын» абаттандырып, күл-коқыстан тазартты.

«Әрбір аптаның бейсенбі күні дәстүрлі түрде жүргізіліп келе жатқан бұл іс-шара — туған жерге деген қамқорлық пен құрметтің жарқын көрінісі. Тазалық бар жер-

де тәртіп пен мәдениет қалыпта-сады. Әрбіріміз қоршаған ортаға, қоғамға деген жанашырлықтың үлгісін көрсетуге керек», — дейді акцияны ұйымдастырушы партияның Кармакшы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Ғалымжан Ақжігітов.

Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданында «Акерке» бөбекжайының ауласына тал егіліп, орталық көшелерде тазалық жүргізілді. 80 қап коқыс жиналды.

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласындағы экоакция Ауған соғысы ардагерлеріне арналған саябақта өтті. Іс-шараға партия мүшелері, музей қызметкерлері, депутаттар мен тұрғындар қатысты. Олар саябақ аумағын тазалап, коқыс жинап, жасыл желктерді күтіп-баптауға атсалысты.

«Таза бейсенбі» экологиялық акциялары еліміздің өзге өңірлерінде де тұрақты түрде өткізіліп келеді. Өткен жылдың маусым айынан бері «Таза бейсенбі» аясында 120 мың тоннадан астам коқыс жиналып, 100-ден астам өзен-көл мен су айдындары тазартылды. Игі іске ел бойынша 70 мыңнан астам адам қатысты. Бұл бастама «AMANAT» партиясының табиғатты қорғау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоғамды біріктіру жолындағы нақты қадамдарының бірі болып табылады.

Елнар ЕЛТАЙ

МЕЖЕ

17 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

ТӘРТІП пен ТЫНЫШТЫҚТЫҢ ЖАҢА ТЕТІГІ

Кеше Айдос Сарымның төрағалығымен Мәжіліс жанындағы Қоғамдық палатаның отырысы өтті. Онда «Құқық бұзушылықтың профилактикасы туралы» жаңа заң жобасы мен оған ілеспе түзетулер талқыланды.

Талқылауға Қоғамдық палата мүшелерімен қатар заң жобалары жөніндегі жұмыс тобының мүшелері, Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары, мүдделі мемлекеттік органдардың, Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың және сарапшылар қауымдастығының өкілдері қатысты.

Отырысты ашқан Айдос Сарым Қоғамдық палата өз жұмысы барысында құқықбұзушылықтың алдын алу тақырыбын түрлі аспекті бойынша, оның ішінде есірткінің, ойынға тәуелділіктің және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың таралуына қарсы күреске байланысты бірнеше рет қозғағанын атап өтті.

— Мемлекет басшысы 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында бұл мәселелерді бөлшектеп емес, жүйелі түрде шешу керектігін баса айтты. Бүгінде бұл жұмыстың жүргізілуіне қатысты негізді шағымдар бар, сондықтан осы заң пайда болды. Алда бізді үлкен реформа күтіп тұр, — деді А.Сарым.

Сондай-ақ ол бұл бағытта бірнеше түйткілді мәселе барын, оның ішінде тәуекел топтарына жататындары шешімді талап ететінін айтты. Ішкі істер министрлігінің рөлі күшейе отырып, құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелерімен неғұрлым мақсатты түрде айналысуға тиіс екенін түсіну қажет. Оның сөзінше, республиканың Құқықтық саясатын 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасына сәйкес, мемлекеттік саясаттың басым бағыты — репрессиялық шаралардан алдын алу шараларына екпін беру.



Ішкі істер министрінің орынбасары Игорь Лепеха жиынға қатысушыларды «Құқық бұзушылықтың профилактикасы туралы» заң жобасы мен ілеспе түзетулердің ережелерімен таныстырды. Негізгі жоба аясында әкімдіктерге профилактикалық іс-шараларды қолдану құзыретін барлық мемлекеттік органға беру арқылы алдын алу саласында нақты өкілеттіктер беру, қылмыстың алдын алу жүйесін оңтайландыру ұсынылады.

Бұл ретте жаңа заң қабылданған кезде қолданыстағы бес заң күшін жояды. Олардың қатарында «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заң да бар. М.Нәрікбаев атындағы КазГЮУ университетінің қауымдастырылған профессоры, Қоғамдық палата мүшесі Мүсілім Хасенов мұндай әдіс былтыр қабылданған әйелдер құқықтары мен балалардың қауіпсіздігі мәселелері бойынша заңмен нығайтылған тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің елімізде қалыптасқан жүйесіне нұқсан келтіретініне назар аударды.

Сондай-ақ сарапшы құқықбұзушылықтың профилактикасы жөніндегі бірыңғай заң жобасында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың

алдын алудың ерекшеліктерін қарастыратын бір ғана бап бар екенін атап өтті. Заңда тұрмыстық зорлық-зомбылыққа да қолданылатын құқықбұзушылықтардың алдын алудың жалпы шаралары белгіленгеніне қарамастан, жалпы профилактикада тұрмыстық зорлық-зомбылық ерекшеліктерінің толық ескерілмеу қаупі жоғары.

— «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заң бірегей қорғау қызметін атқарады. Қолданыстағы заңды алып тастамай, керісінше, оның негізінде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестің ауқымы мен құрылымы кеңейетін заң қабылдап, күшейту қажет. Тұрмыстық зорлық-зомбылық мемлекеттік саясаттың басты назарында болып, жалпы қылмыстар арасында жоғалып кетпеуі керек, — деді М.Хасенов.

Жоғарғы Сот Кеңесі жанындағы сот төрелігі Академиясының қылмыстық-құқықтық пәндер ғылыми-білім беру орталығының профессоры Ардақ Биебаева заң жобасында құқықбұзушылықтың алдын алу субъектілері тым кең түсіндірілетінін, оның ішінде субъектілер қатарына қарапайым

азаматтар да жатқызылғанын атап өтті. Оның пікірінше, ерекше мәртебесі жоқ азаматтарды тек профилактикалық іс-шараларға қатысушылар ретінде қарастыруға болады, әйтпесе бұл олардың жауапкершілігінің орындалмауына әкелуі мүмкін.

— Сонымен қатар қорғау нұсқамасы сияқты қылмыстың алдын алудың жеке шарасын қолданудың негіздерін түсіндіру талап етіледі. Заң жобасында және қолданыстағы заңда әкімшілік немесе қылмыстық-процестік қамауға алу үшін негіздердің жоғы және заңсыз әрекеттерді жасау фактісінің болуы көрсетілген. Қорғау нұсқамасын қолдану негіздерінің анық еместігі уәкілетті лауазымды тұлғалар тарапынан әкімшілік немесе қылмыстық құқықбұзушылықты іс жүзінде жасаған тұлғалар үшін жауапкершіліктен жалтарып, кейде сыбайлас жемқорлыққа жол беретін теріс әрекеттерге әкеп соғады, — деді Ардақ Биебаева.

Өз кезегінде жұмыс тобының жетекшісі, Мәжіліс депутаты Магеррам Магеррамов заң жобасымен жұмыс барысында құқықбұзушылықтың алдын алу, құқық қорғау органдарының қоғамдық

бірлестіктермен және ұйымдармен өзара іс-қимылына ерекше назар аудару жоспарланып отырғанын жеткізді. Сонымен қатар оның айтуынша, бұл мәселеде тек заңнамалық шаралар жеткіліксіз. Құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты нақты жоспарлауды қамтамасыз етіп, ел тұрғындарына құқықтық тәртіпті мектеп қабырғасынан бастап енгізу қажет.

Мәжіліс депутаты жетілдіруді қажет ететін бағыттарға да тоқталды. Атап айтқанда, «кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу» ұғымын кеңейтіп, оған білім беру ұйымдарының қызметкерлерін де енгізу керек.

— Жұмыс тобының жетекшісі ретінде «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» заң жобасын талқылау нәтижелі болады деп сенемін. Бұл жобаның мақсаты биік, ол ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан қоғамы үшін идеологиялық және саяси бағдар ретінде белгілеген «заң мен тәртіп» қағидасының сақталуын қамтамасыз етуге тиіс, — деп түйіндеді сөзін М.Магеррамов.

Отырыс барысында Мәжіліс депутаты Үнзила Шапақ, Денсаулық сақтау вице-министрі Ержан Нұрлыбаев, Maqsut Narikbayev University конституциялық және саяси зерттеулер институтының директоры Әлия Оразбаева, Қазақстанның кәсіби әлеуметтік қызметкерлерінің Ұлттық Альянсының атқарушы директоры Динара Есімова, «Парламентаризм институты» ШЖҚ РМК атқарушы директоры Алмас Қанатов және басқалар құқықбұзушылықтың алдын алу саласындағы заңнамаға қатысты өз көзқарастарымен бөлісті.

Сөз соңында Айдос Сарым отырыс барысында айтылған пікірлер мен сараптамалық қорытындылар Қоғамдық палатаның қорытынды ұсынымдарында жинақталып, заң жобаларымен одан әрі жұмыс істеу үшін жұмыс тобына берілетінін атап өтті.

Мейір ЖАСЫН

«ПАРЛАМЕНТ СӨЗІ» СЫЙЛЫҒЫНА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Мәжіліс Парламенттің қызметін үздік насихаттаған журналистерге арналған «Парламент сөзі» сыйлығына үміткерлерден өтінім қабылдауды бастады.

Осы сыйлыққа палатаның заң шығарушылық қызметі жайлы 2024 жылғы қыркүйек пен 2025 жылғы 13 маусым аралығында жарияланған және эфирге шыққан материалдар қабылданады.

Жеңімпаздар 7 номинация бойынша марапатталады. Олар — үздік телевизиялық сюжет, баспа жарияланым, интернет, радио және фото материал.

Өтінімдерді 2025 жылғы 16 маусымға дейін Smimazh@parlam.kz электрондық поштасына жіберуге болады.

Қосымша ақпаратты Мәжілістің parlam.kz ресми сайтынан немесе 74-63-01, 74-63-05 байланыс телефондары арқылы ала аласыздар.



МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

17 МАМЫР 2025 | СЕНБІ



Арман ХАЛЫҚОВ,
Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ»
партиясы фракциясының мүшесі:

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ САЛАСЫН ЖҮЙЕЛІ ЖАҢҒЫРТУ –

ҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛІ

Азаматтық қорғау жүйесін жаңғырту – уақыт талабы. Қауіпсіздік саласын жетілдіру, төтенше жағдайлардың алдын алу, өрт қауіпсіздігін күшейту және сейсмикалық тәуекелдерді басқару – мемлекет пен қоғамның ортақ жауапкершілігі. Жыл басында Мәжіліс бірінші оқылымда мақұлдаған «Азаматтық қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы дәл осы мақсаттарды көздейді. Аталған заң жобасы аясында қандай нақты жаңалықтар қарастырылғаны, азаматтық қорғау саласының қызметкерлеріне қандай әлеуметтік қолдау көрсетілетіні туралы Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Арман Қалықовпен сұхбаттасқан едік.

қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

— Сіз айтып өткен әлеуметтік кепілдіктерге тоқталсақ. Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлеріне қандай нақты қолдаулар қарастырылған?

— Ең алдымен, қызметкерлердің тұрғын үй мәселесін шешуге назар аудардық. Мұқтаж қызметкерлерге тұрғын үй төлемдері беріледі, сондай-ақ қызметтік тұрғын үйді жекешелендіруге құқық енгізіледі. Бұл — олардың тұрақтылығын қамтамасыз етіп, жұмысына көңіл бөлуіне ықпал етпек. Төлемдер инфляция деңгейіне сәйкес индексацияланып отырады.

Бұдан бөлек, қызметтік бауысыммен басқа өңірге көшкен кезде отбасы мүшелерінің жол шығындарын өтеу және көтерме жәрдемақы алу құқығы заңмен бекітіледі. Төтенше жағдай, әскери немесе лаңкестікке қарсы операциялар кезінде қыз-

леді. Сонымен қатар өрт салдарынан үшінші тұлғаларға зиян келсе, объект иелері бұл үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікке тартылатын болады. Ол үшін міндетті сақтандыру жүйесі енгізіледі.

— Заң жобасында сейсмикалық қауіпсіздік туралы да айтылған. Бұл бағытта нендей шаралар қарастырылған?

— Қазақстанда сейсмикалық белсенді аймақтар бар екенін ұмытпауымыз керек. Әсіресе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Түркістан облыстары сияқты өңірлер сейсмикалық қауіп-қатерге ұшырауы мүмкін. Осыған байланысты, енді құрылыс жүргізу

Бұл тәсіл төтенше жағдайларға ден қою уақытын қысқартады. Көмек жылдамырақ көрсетіледі, адамдар зардап шеккенге дейін алдын ала әрекет ету мүмкін болады. Сонымен қатар республикалық жедел штаб құру және оның жұмыс тәртібін айқындау нормасы енгізілді. Бұл — жаһандық немесе өңірлік көлемдегі апаттар кезінде тиімді басқару тетігін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру механизмі де қайта қаралды. Бұрын тікелей мекенжай бойынша сату нормасы болған. Енді бұл алынып тасталып, аукциондар мен сауда-саттықтарға үлестес тұлғалардың қатысуына



кезінде геологиялық және сейсмологиялық қорытынды алу — міндетті талапқа айналады.

Құрылыс нормалары мен стандарттарына сейсмикалық тұрақтылық талаптары күшейтіле енгізіледі. Бұл барлық нысанға, әсіресе әлеуметтік маңызы бар ғимараттарға қатысты. Бұдан былай құрылыс салуға рұқсат берілгенге дейін сейсмикалық төзімділік есептері жүргізілуі қажет.

Сонымен бірге заманауи сейсмобақылау стансалары орнатылып, қолданыстағылары жаңартылады. Бұл алдын ала ескерту жүйелерін жетілдіру-

тыйым салынады. Бұл ашықтық пен әділдікке жол ашады.

— Қорытындылай келе, бұл заң жобасы еліміздің азаматтық қорғау саласын қандай деңгейге жеткізеді деп ойлайсыз?

— Бұл заң жобасы — еліміздің азаматтық қорғау саласын жаңа сапалық деңгейге көтеретін маңызды құжат. Ол төтенше жағдайларға жедел әрекет етуді қамтамасыз етіп қана қоймай, осы салада қызмет атқаратын азаматтарымыздың әлеуметтік мәртебесін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар халықтың өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз

— Арман Қобыландыұлы, жақында Мәжіліс «Азаматтық қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын екінші оқылымда қабылдады. Бұл құжаттың негізгі мақсаты қандай? Өзекті мәселелерді шешуге бағытталған ба?

— Бұл заң жобасы азаматтық қорғау жүйесін заман талабына сай жаңғыртуға бағытталған. Бірінші оқылымда мақұлданған соң депутаттар екінші оқылымға дейін біркатар маңызды түзетулер енгізіп, құжатты едәуір жетілдірді.

Негізгі мақсат — азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, төтенше жағдайларға тиімді ден қою және осы салада жұмыс істейтін мамандардың әлеуметтік мәртебесін арттыру. Жобада өрт қауіпсіздігін күшейту, сейсмикалық қауіпсіздік шараларын енгізу, материалдық резерв жүйесін орталықсыздандыру, сондай-ақ адамдар жаппай жиналатын орындардағы қауіпсіздікті арттыру мәселелері қамтылған. Сонымен қатар біз алғаш рет заңнамалық деңгейде азаматтық қорғау органдарының қызметкерлеріне әлеуметтік кепілдіктер бекітіп отырмыз. Бұл — тұрғын үй, көшу шығындары, еңбек өтілі есебі және басқа да жеңілдіктер.

Заң жобасы аясында 10 кодекске және 37 заңға өзгерістер енгізіледі. Бұл — ауқымды және кешенді құжат. Жұмыс тобының талқылауында 600-ден астам ұсыныс қаралды. Бұл азаматтық қорғау саласының қоғам үшін

мет атқарған қызметкерлерге үш есе көлемде үстемақы қарастырылып отыр. Мұндай кездердегі біркүндік еңбек үш күн еңбек өтілі ретінде есептелетін болады.

Бұл нормалар азаматтық қорғау саласының қызметкерлері үшін үлкен ынталандыру болады деп сенеміз. Олар күн сайын тәуекелмен жұмыс істейді, ал мемлекет өз тарапынан бұл еңбекті бағалап, әлеуметтік қолдау көрсетуге тиіс.

— Заң жобасында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге де ерекше көңіл бөлінген екен. Бұл бағытта қандай жаңалықтар енгізіліп отыр?

— Иә, бұл салада да түбегейлі жаңарту жұмыстары жүргізілді. Өрт қауіпсіздігі тек адамдар жаппай жиналатын орындармен шектелмейді. Енді шахталар, зауыттар, энергетикалық нысандар, орман шаруашылықтары сияқты маңызды инфрақұрылым объектілері де бақылауға алынады. Бұған дейін бұл салаларда өртке қарсы қадағалау әлсіреген еді. Енді ол қалпына келтіріледі.

Орман кодексіне енгізілген түзетулерге сәйкес, орман және дала өрттеріне қарсы күреске тек Төтенше жағдайлар министрлігінің емес, басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ресурстары тартылатын болады. Бұл кешенді әрі жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды жаңалық — биіктігі 28 метрден асатын ғимараттарды пайдалануға қабылдау кезінде міндетті түрде өртке қарсы бақылаудан өту талап еті-

Орман кодексіне енгізілген түзетулерге сәйкес, орман және дала өрттеріне қарсы күреске тек Төтенше жағдайлар министрлігінің емес, басқа да мемлекеттік органдар мен ұйымдардың ресурстары тартылатын болады. Бұл кешенді әрі жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

ге, сондай-ақ апаттық тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

— Заң жобасында мемлекеттік басқару жүйесіне де өзгерістер енгізілетіні байқалады. Осыған да қысқаша тоқталып өтсеңіз.

— Иә, бұл жерде мемлекеттік материалдық резерв жүйесінің орталықсыздандырылуы және жедел әрекет ету функцияларын өңірлік деңгейге беру мәселесі қарастырылды. Бұрын төтенше жағдай кезінде барлық шешім орталық аппарат арқылы қабылданатын. Ал енді өңірлік Төтенше жағдайлар департаменттеріне дербес шешім қабылдауға, ресурстарды тез жұмылдыруға және жедел әрекет етуге мүмкіндік беріледі.

етуге байланысты құқықтық, техникалық және ұйымдастырушылық тетіктердің барлығы кешенді түрде қарастырылып отыр.

Бір сөзбен айтқанда, бұл заң — уақыттың талабы. Біз тек реактивті емес, проактивті мемлекет болуға ұмтылып отырмыз. Ал азаматтық қорғау жүйесінің тиімділігі — мемлекеттің тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің басты көрсеткіші. Сөз соңында аталған заң жобасы Сенат қарауына жіберілді. Алдағы уақытта ол қолданысқа еніп, нақты нәтижесін береді деп сенеміз.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Кәмила ДҮЙСЕН

АҒА БУЫН & Z ҰРПАҚ

17 МАМЫР 2025 | СЕНБІ



Ол – қазақ әдебиетінің Ханбибісі. Біртуар ақын Темірхан Медетбек: «...Сөз жоқ, Ханбибі – сой ақындарымыздың бірі» десе, Серік Тұрғынбекұлы «Хан қызындай Ханбибі» деп жырға қосқан. Сөзі мірдің оғындай ақын елде отырып-ақ күллі қазақтың тарихын түгендеп, қамын ойлаған. Астанаға арнайы келген Ханбибі Есенқарақызы Алматыкітап баспасының Ыбырай Алтынсарин атындағы кітап үйінде «Аға буын & Z ұрпақ» жобамызға қонақ болып, жастармен емен-жарқын әңгімелесті.

Ханбибі ЕСЕНҚАРАҚЫЗЫ,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты,
«Парасат», «Барыс» ордендерінің иегері, ақын:

Поэзия

МАХАББАТПЕН ПАРАСАТПЕН

Қуаныш БИСЕМБЕК: «Алаш идеясы» туралы қазір қоғамда жиі айтылады. Сол идеяны қаншалықты жүзеге асырып жүрміз? Болашақ ұрпақ «Алаш идеясын» түсіне ала ма?

– «Алаш» партиясы 1917 жылы желтоқсан айында құрылды. «Алаш» партиясын басқарған – Әлихан Бөкейхан. Оның замандас әріптесі – алашордалық қазақтың танымал тұлғасы Ахмет Байтұрсынұлы. Әлихан «Ұлт көсемі» болса, Ахмет «Ұлт ұстазы» деген атаққа ие болды. Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Мағжан Жұмабаев сынды мықты азаматтар бірігіп «Алаш» партиясын құрған. Алаштың басты мақсаты – жер мен тіл мәселесі. Жердің шекарасын 1925 жылы Әлімхан Ермеков Ленинге кіріп, қазақтың шекарасын белгілеп берген. Алашшыл, ұрпақшыл, күрескер қайраткер Алаш азаматтары болды. Мен жазушы ғана емес, Алаштың 25 томдығын жазған, «Ақжол» деген кітап шығарғанмын. 1922–1923 жылдары «Шолпан» деген журнал шыққан. Ол Өзбекстанның Ташкент қаласында жарық көрген. 1925 жылға дейін қазақ зиялыларының бәрі Ташкентте өмір сүрген. Сол журналды Қазақстаннан таппай, Өзбекстанның мұрағатынан таптым. «Шолпан» журналы туралы 45 баспа табактық кітап шығардым. «Шолпан» да, «Ақжол» да Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі, араб қарпімен жазылған. Оның барлығын іздеп тауып, шығармашылық топ құрып төте жазуды кирилл әріптеріне аудардық. «Ақжолдың» 25 томдығы кітапханаларда бар. Алаш туралы білгілеріңіз келсе, сол кітаптарды оқыңыздар.

Әдемі АҚШАБАЕВА: Ең алғашқы жазған өлеңіңіз қандай еді? Есіңізде бар ма?

– Мектеп қабырғасында жүріп өлең жаздым. Ең бірінші, 9-сыныпта жүргенде қабырға газетіне өлеңдерім шығатын. Ол ана туралы, мектеп, әліппе жайлы балғын жырлар еді. 9-класта оқып жүргенде, мен окитын кешкі мектеп директоры болып Төлеген Айбергенов жұмыс істеді. Ол қазақтың іргелі, белгілі ақын ақыны еді. Менің бағыма орай, редакцияға өлеңдерімді берейін деп барғанда Төлеген Айбергеновпен таныстым. Сөйтіп, ол кісі ак жол тілеп, бата берді. Бұл 1965 жыл еді. Төлеген Айбергенов содан екі жыл өткенде, небәрі 30 жасында қайтыс болды.

Нұржан РАШАДИНОВ: Қазіргі қазақ қоғамында әйел дауысы әдебиетте жеткілікті естіле ме?

– Әйел дауысы әдебиетте шет қалып қойды деп айта алмаймын. Қазір ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде кез келген әйелдің өз шығармаларын жұртқа танытуына мүмкіндігі бар. Ертеректе әдебиетке арналған «Қазақ әдебиеті» деген жалғыз газет болды. Қазір демократия мен цифрлық мүмкіндіктердің арқасында кез келген адам өзін сынай алады. Көп адам кімді ұнатса, сол нағыз ақын.

**МҰХТАР МАҒАУИН,
ДУЛАТ ИСАБЕКОВ НОБЕЛЬ
СЫЙЛЫҒЫНА ЛАЙЫҚ**

Айзия ТАЛАПБЕК: Әбділда Тәжібаев, Әбіш Кекілбаев, Темірхан Медетбек сынды халқымыздың біртуар азаматтары сіздің өлеңдеріңізді жоғары бағалаған. Шығарма-



Тәуелсіздік алған жылдары біз әрі материалдық, әрі рухани тоқырауға тап болдық. Мен дәлелсіз сөйлемеймін. Сол 1995 жылдары Жазушылар съезі болды. Съезд 5 жылда бір рет өтеді. Екі съездің аралығында 105 ақын-жазушы қайтыс болып кетіпті. Олардың қайтыс болуына аштық та себеп болуы мүмкін.



шылық жолда қаламгер ағаларыңыздың жақсылығын, ұстаздардың онегесін көрдіңіз бе?

– Әрине, өзін атап айтқандай, Сафуан Шаймерденов, Әзілхан Нұршайықов, Бауыржан Момышұлы сынды көптеген ағаларымыздың қолдауын сезіндім. Сонау 1972 жылы «осы қыздан ақын шығады» деп маған үміт артқан жанның бірі – Бауыржан Момышұлы. Қасым Қайсенов менің өлеңімді оқып, «Осындай да ақын бар екен ғой. Қай жерде тұрады?» деп мені сұрастырыпты. «Оңтүстікте халық көп. Көптің ішінен сапа да шығады екен ғой» деп ойлапты. Арада он жыл өткеннен кейін мені арнайы іздеп келді. Сол кезде 2004 жылы Қасым Қайсенов 88 жаста еді. Менің «Қасым Қайсенов» деген эссем бар, Бауыржан Момышұлы туралы «Айбарлы адам еді» деп жаздым. Жақында ғана соғыстың аяқталғанына 80 жыл толды ғой. Екеуі де соғыс ардагері. Әзілхан Нұршайықов туралы «Әз аға, сіз бақыттысыз» деген эссе жаздым. Бұл шығармалар Ұлы Отан соғысына қатысқан ағаларымызға деген менің көңілімнің итпаты болды.

Айша ӘМІРТАЙ: Қолыңызда «сиқырлы таяқша» болса, нені өзгертер едіңіз?

– Қолымда сиқырлы таяқша болса, сендер сияқты көптеген жастардың барлы-

ғын телефонға тәуелділіктен арылтып, кітап оқытар едім. Себебі кітап оқыған адам – жақсы адам. Телефондағы ақпарат миыңды жеп қояды. Кітап оқып көрсендер, оның өзіне тән иісі болады. Ал телефоннан кітаптың иісі шықпайды. Сондықтан смартфонға азырақ үніліп, кітап оқуға сендерді үндер едім.

Ералы АЗАТ: Неге қазақта Нобель сыйлығын алатын жазушылар жоқ?

– Нобель сыйлығына лайық жазушылар бар. Мәселен, Мұхтар Мағауин, Дулат Исабеков Нобель сыйлығына лайық. Екеуі

Мұхтар аға үйіне шақырып, екі рет қонақ етті. Ол кісі Қазақстанның қоғамдық-саяси өміріне көңілі толмай ренжіп, Америкаға кетіп қалды ғой. Мұны білетін шығарсындар? Бір байқағаным, ұлы адамның елге, қазаққа деген махаббатының ерекше екені. Мұхтар Мағауиннің мәңгілік махаббаты – Қазақстан екенін сөзінен де, көзінен де ұқтым.

**АҚЫН – АЛЛАНЫҢ НАЗАРЫ
ТҮСКЕН АДАМ**

Сайра ЕСІМХАН: Сізбен кездескеніме өте қуаныштымын! Өмірде ақын болу қиын ба? Әлде ана болу қиын ба?

– Ақын деген – Алланың назары түскен адам. Ақындықты оқытатын, адамға ақындық талантты дарытатын бірде-бір оқу орны жоқ. Сондықтан ақын болу – ананың сүтімен, әкенің қанымен берілетін қасиет. Тегінде ақын, шешен, көсем адам болса, сол жеті ұрпақтың ішінде геннен де дариды. Алғашқы берілген ақындықты дамыту үшін көп еңбек ету керек. Іздену қажет. Ақындар жан-жақты даму үшін жер қазбайды, көмір қазбайды. Олар кітап оқиды. Сондықтан ақын боламын деген жан кітапты көп оқуға тиіс. Сол кітаптан интеллектуалдықты алады. Ой өрісі тар адамдар ақын болып бастап, журналист болып кетеді. Абай «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» деп айтқан. Өлеңді жазатын – ақын. Сондықтан ақындық әркімге қона бермейді және ақындықтың жолы бөлек, жүгі ауыр. Қадау-қадау ақындар ғана елдің есінде қалады. Жұрт аузынан түспейтін еңбектер жазады. Сол ақындар ақын болып саналады.

Нұрай СЕРКЕТАЕВА: Журналистика факультетіне түскен студенттің көбі 1-курста өзін ақынмын деп таныстырады. Кейін сол жастар өздерінің өлеңдерінен ұялып, орта жолда ақындықты тастап кетеді. Ақындық туа бітті берілетін талант па? Әлде табандылық пен еңбектің арқасында ма?

– Ақын деген – Алланың назары түскен адам. Ақындықты оқытатын, адамға ақындық талантты дарытатын бірде-бір оқу орны жоқ. Сондықтан ақын болу – ананың сүтімен, әкенің қанымен берілетін қасиет. Тегінде ақын, шешен, көсем адам болса, сол жеті ұрпақтың ішінде геннен де дариды. Алғашқы берілген ақындықты дамыту үшін көп еңбек ету керек. Іздену қажет. Ақындар жан-жақты даму үшін жер қазбайды, көмір қазбайды. Олар кітап оқиды. Сондықтан ақын боламын деген жан кітапты көп оқуға тиіс. Сол кітаптан интеллектуалдықты алады. Ой өрісі тар адамдар ақын болып бастап, журналист болып кетеді. Абай «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» деп айтқан. Өлеңді жазатын – ақын. Сондықтан ақындық әркімге қона бермейді және ақындықтың жолы бөлек, жүгі ауыр. Қадау-қадау ақындар ғана елдің есінде қалады. Жұрт аузынан түспейтін еңбектер жазады. Сол ақындар ақын болып саналады.

Нұрай СЕРКЕТАЕВА: Мен кітапты көбіне орыс тілінде оқимын. Өйткені аудармалар сол тілде түсінікті. Ал қазақша аудар-

АҒА БУЫН & Z ҰРПАҚ

17 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

маларды оқу қиын. Жалпы, қазақша аудармаға сіздің көңіліңіз тола ма?

— Шығарманың тағдыры қандай аудармашының қолына түскеніне байланысты. Талантты аудармашылар түпнұсқаға жақын етіп аударды. Ал ақшаға бола аударатын аудармашылардың еңбегі жүрекке жетпейді. Автордың ойын оқырманға дәл солай жеткізе алмайды. Қазақшаны оқысам да, түсінуім қиын деп отырсың ғой. Сен аудармадағы кітаптарды жақсы түсіну үшін, ең бірінші Абайды оқы, балам. Абайды бір қайтара оқып шықсаң, кез келген шығарманы қазақ тілінде оқу саған оңайға түседі. Өзің де орысша мен қазақшаны салыстырып отырып, аудармашы болып кетесің. Сондықтан түпнұсқада оқыған жақсы, дегенмен де аудармасымен де танысу керек.

Нұржан РАШАДИНОВ: Сіз осы жасқа дейін өміріңізде не түсіндіңіз?

— Өмір сүрудің жақсы екенін түсіндім. Адам өз өмірін өзі жасамайды. Адамның тағдыры жасайды. Бірақ сенің тағдырың, көңіліндегі ниетіңе байланысты. Саған

насихаттап, танылыңдар» деген талап қойды. Қазақстанда бір уыс, азғантай ғана халық тұрады. Он миллионның ішінде кітап оқитыны 3-4 миллион ғана шығар. Ал сол 3-4 миллион халық нан тауып жей ме әлде кітап оқи ма? Тәуелсіздік алған жылдары біз әрі материалдық, әрі рухани тоқырауға тап болдық. Мен дәлелсіз сөйлемеймін. Сол 1995 жылдары Жазушылар съезі болды. Съезд 5 жылда бір рет өтеді. Екі съездің аралығында 105 ақын-жазушы қайтыс болып кетіпті. Олардың қайтыс болуына аштық та себеп болуы мүмкін. Себебі ақын-жазушылардың «ертең жейміз» деп сақтап қоятын қаражаты болмайды. Оның үстіне, жұмыссыз болса, жанағы талаптарға сай келмесе, кітабы шығып, қаламақы алмаса, шығармашылық адам ауруға ұшырайды. Өмірдің ауыр зұлматын көреді. Ақын-жазушылардың жүрегі өте нәзік болады. Ірі денелі Мұқағали Мақатаев сияқты ақындардың да жүрегінің нәзіктігін жеткізе алмаймыз. Мұқағалидың жүрегі сұлу қыздың жүрегінен де нәзік.

прозаға ауысып кеттім. Себебі өлең — сөздің патшасы. Өлең саған күнде қонаққа келе бермейді. Жалпы, өлеңді жетпіс жасқа дейін жазуға болады. Бұл — менің жеке пікірім. 75-80 жаста «О, махаббат» деп үлкен адам жазып отырса, ол оқырманды сендірмейді. Сондықтан әр уақыттың өзіне сай тақырыбы болады. 18-30 жас арасындағы махаббатты жырламаған ақын ақын емес. Махаббат — өлеңнің өзі, өлеңнің аты. Ал фамилиясы — парасат. Өлең, поэзия махаббатпен басталып, парасатпен аяқталады.

Жарас АХМЕДИЯ: Мен әрдайым сіз сияқты өз жолын, өз ізін қалдырған адамдармен кездескен кезде сұрайтын бір сұрағым бар еді. Сіздің біз сияқты жас кезіңізде өміріңізді өзгерткен, ойыңызды 180 градусқа бұрған қандай оқиға болды?

— Әрбір адамның өмірін бір жолға салатын — оның ортасы. Мен жұрт сияқты орта мектепті бітірдім. Одан жоғары оқу орнына түстім, мектепте жүріп өлең жаздым. Студент болғаннан кейін өлеңімнің арнасы кеңейді, тақырыбы кеңейді. Сөйтіп жүріп, жақсы адамдармен кездестім. Мысалы, Бауыржан Момышұлымен студент шағымда жолықтым. Фариза Оңғарсыновамен, Әбіш Кекілбаевпен қарым-қатынасым жақсы болды. Олар менің тағдырымды өзгертті деп айта алмаймын. Бірақ олар маған өнеге берді. Барлығы жоспар бойынша келе жатқан сияқты. Тұрмысқа шықтым. Балалы болдым. Қызмет істедім. Тағдырымның 180 градусқа бұрылып кеткен кезі болмады. Әлі де сол тырындап, дұрыс басқыштармен көтеріліп келе жатырмын.

Әдемі АҚШАБАЕВА: Өміріңізде істеген әрекеттеріңіз үшін өкінген кездеріңіз болды ма?

— Өмірдің өзі өкініш пен қуаныштан тұрмай ма? Қай өкінгенім есімде? Өкіңбейтін адам болмайды ғой. Пенде болғаннан кейін өкінесің, кейбір ісіңе жүрегің лүп етіп қуанасың.

*Періште емес пендемін,
Астана емес елдемін.*

заманда қазақ байының ақшасы банкте болған жоқ, Forbes журналының тізіміне енген жоқ. Олардың бар байлығы — алдындағы төрт түлігі. Менің бабаларым сондай бай болған. Сосын «бай бір жұттық» деген мақал бар. Атырауда қатты қыс болып, аталарымның барлық малы қырылып қалады. Сол кезде қыстауға ерте келгенде малы қырылмас па еді?..

Абай бір өлеңінде: «Ерте барсам жерімді жеп қоям деп, Ықтырмамен күзеуде отырар бай» дейді. Жайлауда төрт түлік малдың жері далада. Қора-қопсы болмайды. Содан малы қырылып, жаңа туған баланы бәйбішесі түйенің қомында құшақтап елге келе жатқан жолында алдынан шыққан ауылдың адамдары ең бірінші «мал аман ба?», одан кейін «жан аман ба?» деп сұраған. Сонда менің атам: «жан аман, жан аман» дей берген екен. Осылайша, менің әкемнің әкесінің аты — Жанаман. Біз отбасында жеті баламыз. Бәрінің фамилиясы — Жанаман. Мектеп бітіретін жылы, аттестат беретін кезде туу туралы куәлік сұрайды екен. Ал менің туу куәлігімде — Есенқара болып жазылыпты. Мен «Есенқара болмаймын» деп, 16 жыл тасыған фамилиямды қимадым. Сөйтіп, әкем паспорт жасайтын бастықты үйге шақырып, мені Жанаман етіп өзгерту үшін қолынан келгеннің бәрін жасады. Бірақ сол күйі өзгермеді. Отбасыма алты бала — Жанаман, мен — Есенқара. Аталарымыз репрессияға ұшырап кеткен. Әкем бізге бұл туралы айтпады. Репрессия жабық тақырып болды. 1993 жылы Президенттің «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Жарлығы шықты. Ал менің әкем 1992 жылы қайтыс болды. Қуғын-сүргін құрбандарының ақталғанын естімей кетті. Қазаққа түскен жара көп. Оның жазылуы уақытқа байланысты. Қазақтың жүрегі қырық жамау.

Дария БАЙТҰРСЫНОВА: Сіз қай заманда өмір сүргіңіз келер еді — өткенде ме, болашақта ма?

БАСТАЛЫП, АЯҚТАЛАДЫ

тағдыр өмір береді. Бұл — адамдарға көбірек жақсылық жаса, қамқор бол, әкең мен шешене махаббатыңды бер, бауырларыңа мейірімді бол, адамдарға да сеніммен қара деген сөз. Сол кезде тағдыр саған жақсы өмір береді. Менің осынша жасаған өмірдегі көргенім де, білгенім де осы. Өзіңе-өзің ырза болып кетуің керек.

ӘДЕБИЕТ МЫНА БІЗБЕН АЯҚТАЛМАЙДЫ

Сайра ЕСІМХАН: Бұрын Кеңес одағы кезінде ақын-жазушылар «ең бай адам» болған, көп қаламақы алған деп естиміз. Қазір шығармашылық адамдарына қандай жағдай жасалған?

— Отыз жыл бұрын бір газеттен: «50 ақынның мерейтойы болады» деген ақпарат оқып едім. Сонда «бәрі бір жылда туылған не деген көп ақын-жазушы?» деп таңғалғанмын. Сол елу ақын-жазушы қазақ әдебиетінің алтын ғасырын тудырды. 70-80 жылдары сол елу адам қазақ әдебиетінің классигі болып шықты. Міне, «елу жылда ел жаңа» дейді. Қазір уақытқа байланысты, өмірге байланысты сол классиктердің барлығы бұл дүниеден кетіп жатыр. Классиктердің дәуірінде олар бір кітап шығарса, бір көлік мініетін, пәтер алатын мүмкіндіктері болды. Тәуелсіздік алғаннан кейін ақындардың бағасы түсіп қалды. Себебі елімізде дағдарыс басталды. Ақын-дарға қамқорлық, оларға деген көзқарас өзгеріп кетті. Карл Маркс «ақындар — елдің еркесі. Оларды еркелетуіміз керек» депті. Сонда А.Луначарский «ақындарды тым еркелетіп жіберуге болмайды» депті. Сол сияқты алдымыздағы ағаларды еркелетті, атақ пен абырой берді. Материалдық жағынан да бай болды. Ал соңғы отыз жылда жазушылардың жағдайы өте қиынға соқты. Соған мен тап келдім. Кітабыңды баспалар басып шығармайды, өз қаржыңа шығарасың деген заң шықты. Өзің шығарған кітапты өзің сататын жағдайлар болды. Сол кезде жазушылықпен айналысқан бауырларым не істерін білмей тыпырлап қалды. Оларға не жұмыс жоқ. Бұрын жазушы-ақындар шығармашылық демалыс алатын. Оларға шипжайларға жолдама беріп, Үкімет жағдай жасайтын. Ал тоқырау кезінде «шетелдік жазушылар сияқты бестселлер жазыңдар, оны халыққа өздерің

Сөйтіп, осы қиындықтарға шыдай алмай, 105 адам жүзге жетпей, жүзге жетсе, күзге жетпей көз жұмды. Олардың бәрі біздің замандастарымыз еді. Қазір бір тұрып, бір құлап әлі де маңдайымыз жарқырамаса да, қатардан қалмай өмір сүріп келе жатырмыз. Бірақ бізде үміт бар. Болашақ жақсы болады, қоғам, әдебиет мына бізбен аяқталмайды. Сендердің іштеріңнен де жазу-



шылар, ақындар шығуы мүмкін. Қойған сұрақтарыңның бәрі де терең мағыналы сұрау, айналайын! Сондықтан «қазан аузы жоғары» дейді қазақ. Аспаннан ырыс, несібе түседі деген сөз. Еліміз аман болсын! Отанымыз, шаңғырағымыз басқа толы болсын, қазанымыз асқа толы болсын! Сендер бақытты өмір сүріңдер!

Аруна ЖҰМАҒАЛИ: «Мәңгілік махаббат», «Жан гүлім», «Бұлтсыз аспан» сынды шығармаларыңызды оқығанмын. Жалпы, шабытты қайдан аласыз?

— Шабытты өмірден аламын. Менің жүрегім отбасы, ошақ қасын ғана ойламайды. Әлем туралы жиі ойланамын. Бір жерде ашаршылық, бір жерде соғыс болуда. Соның барлығы менің жүрегімнен орын алған. Әрқайсысына көңіл бөлдім. Өлеңдеріме қарасаң, саясат та, табиғат та бар. Табиғат туралы жазғанда шабытты қайдан алдың деп сұрай алмайсың. Себебі көктемнің өзі шабыт. Махаббат та, лирика да, адами көзқарас та менің өлеңдерімнен табылады. Соңғы кезде

Көрдім талай мықтының,

Мықыны көктен келгенін, — деген өлеңім бар еді. Елде жүріп-ақ, астананың, қалың елдің мұнын мұндап, жырын жырлап келе жатырмын.

ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ АҚТАЛҒАНЫН ӘКЕМ ЕСТІМЕЙ КЕТТІ

Айкүнім МӘЛС: Бір сұхбатыңызда атаңыздың «халық жауы» ретінде көмексегеніңіз, Ресей ауып кеткенін айтыпсыз. Бірнеше жыл бұрын Президент тапсырмасымен қуғын-сүргін құрбандары ақталды. Осы жағдайды қалай қабылдадыңыз?

— Менің атажұртым — Атырау. Әкемнің кіндік қаны тамған жер. 1918 жылдан басталған қуғын-сүргін, одан кейін ашаршылық болды. Біздің халқымыз не көрмеді. Сол 1929 жылы малдарын көмексегеп алып, өздерін жер аударған. Менің аталарым бар адамдар, бай болған. Қазақтың байлығы — мал ғой. Ол

— Оны жасанды интеллектен сұрау керек екен (күлді). Менің өткен ғасырда өмір сүргім келеді. Себебі ол кездегі адамдардың мінезі мүлдем басқа болған. Олардың талабы да, өмірге деген көзқарасы да өзгеше еді. Ал болашақты өздеріңе бердім.

Аруна ЖҰМАҒАЛИ: Уақыт сізді қалай өзгертті? Ақын ретіндегі бұрынғы «мен» мен қазіргі «меннің» айырмашылығы бар ма?

— Әрине, бар. Жас кезінде өлең жазып алғаш рет ақын боласың ғой. Сол кезде сенен асқан адам жоқ. Сен — нөмірі бірінші адамсың. Өзінді солай сезінесің. Кейін талай сүрінесің, талай жығыласың, өзіңнен мықтыларды көресің, сөйтіп барып сабана түсесің. Өмір көріп, өз ойыңды жинақтап «қарапайым адамға» айналасың. Жақсы өлең жазғанда ханға сәлем бермейтіндей, алшаң басып жүресің. Шынын айтсам, ең бақытты адам — ақын.

— **Өңгімізге рақмет!**

Дайындаған Көктем ҚАРҚЫН

РЕПОРТАЖ

17 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

Осыдан 9 жыл бұрын Иордания тәуелсіздігінің 70 жылдығына арналған шарада мемлекет патшайымы Рания әл-Абдулла қазақ бойтұмарын тағып шыққан еді. Әшекейді жасаған зергер, реставратор Берік Әлібайдың есімі осы ақпараттан кейін баспасөз беттерінде біраз талқыланды. Кейінірек «өз үйін жеке музейге айналдырыпты» деген хабарды естідік. Жакында ұлттық өнерді ұлықтап жүрген зергердің музей-үйіне барудың сәті түсті. Астанадағы Қордай 54 мекенжайында орналасқан мұражайды бірден аңғаруға болады. Себебі есіктің кіреберісінде Сақ патшайымы Томирис пен Алтын адамның айбарлы бейнесі менмұдалап тұр. Дегенмен шағын ауданда орналасқан музейді қала тұрғындары көп біле бермейді екен. Бізді жеткізген такси жүргізушісі де бұл жерге алғаш рет келгенін, міндетті түрде қайта оралып, мұражайды аралайтынын айтты. Музейге келген қонақтарды Берік аға өзі қарсы алуға тырысады. Бізді де кірген сәттен бастап, жылы қабақ танытып күтіп алды.

Жалпы Берік Әлібайдың қазақ колөнеріне деген махаббаты жастайынан басталған. Бала күнінде ауылдағы ақсақалдардың ұстаған қылышы мен таққан өңіржиегіне қызығып, сол заттардың сиқырлы бір әлемге бастайтынын сезген. Кенестік кезеңде ұлттық дүние туралы ашық айтуға да, оны жинауға да болмайтын. Бірақ жас Берік ата-бабасынан жеткен құнды мұраны сақтап қалуды мақсат тұтты.

— Мен бұл экспонаттарды сонау бала кезден жинадым десем болады. Музейде атамнан, әкемнен қалған құрал-саймандар бар. Олар 70-жылдардан келе жатыр. Менің атам ұста болған кісі. Балалық шағымда атамның жасағандарын көріп өскеннен болар, бойымда осындай бір қызығушылық пайда болды деп ойлаймын. Кейін ер жеткен кезде қару-жарақтар жинап бастадым. Пышақ, қылыш, семсер сияқты бұйымдарды жинауды әдет қылдым. Сол заманның ерекшелігі шығар, барлық бала қылыш, пышақ сындыларға көп қызығатын. Кішкентайымыздан батырларымыздың ұстаған қаруларын көргеннен бе, әйтеуір патриоттық сезіміміз оянатын. Одан кейін 90-жылдардан бастап мен зергерлікпен айналыса бастадым, — дейді шебер.

2016 жылы Берік аға үйінің есігін туристерге ашты. Ал 2017 жылы Астанада өткен EXPO көрмесі оның ісіне серпін берді. «EXPO үшін миллиондаған турист келейін деп жатыр дегенді естіп, еліміздің туризмін дамытуға, өзіміздің этнографиялық ерекшеліктерімізді, салт-дәстүрімізді, ұлттық бұйымдарымызды көрсетеміз деп осы үйімді босатып, музейге айналдырған едім. Басында уақытша көрме деп жасаған едік. Кейіннен халықтың сұранысынан, келушілердің көп болуына байланысты осындай әдемі музейге айналды» дейді ол.

Қазір бұл музейге туристік компаниялар шетелдік қонақтарды тұрақты әкеліп тұрады. Ал әлеуметтік желідегі аз ғана видеолардан кейін қазақтардың өзі де жиі келе бастаған. Қазір ол тұрып жатқан үй толықтай музейге айналған. «Мемлекеттен көмек болған жоқ. Біз тек жеке кәсіпкер ретінде жұмыс істеп отырмыз»

дейді Берік аға. Бірақ оның көздегені атақ та, қаражат та емес. Оның ниеті — халыққа қызмет ету, ұлттың рухын ояту. «Қазақтың осындай өнері бар екенін шетелге көрсету — басты мақсат», — дейді ол.



кезінде оңтүстіктен келген бір әйел өңіржиек алқасын сатуға қойған еді. Сол әйелмен бағасына келісе алмай ұзақ жүрдім. Басында алқасын 3 миллионға бер дегенге көнбеді. Біраз адам бағасына келісе алмай ақыры сатылмай кетті.

міс. Қазақ күмістің адам денсаулығына пайдалы екенін ертеден білген. Оның табиғаттағы микробтарды өлтіретінін, уланған суға күміс тастап ішсең уы дарымайтынын ата-бабаларымыз жақсы білген.

деңгейін бақылайды. Мұны өзі жылдар бойы үйреніп, шәкірттерге де үйретіп келе жатыр.

БІР ҚЫЛЫШТЫҢ ҚҰНЫ — БІР ҮЙ

Берік Әлібайдың қолынан шыққан дүниелердің құны кейде ақшаға шақталып өлшенбейді. Бірақ соның ішінде ерекше есте қалған бір оқиға бар.

— 1996 жылы Алматыға Малайзияның премьер-министрі келді. Орталық музейде сувенир сататын дүкен болған. Соған өзімнің шеберлікпен жасаған қылышымды апарып, матамен керіп, төрге іліп қойған едім. Ол қылышты мен бір үйдің құнындай өте жоғары бағаладым. Солай күндердің бір күнінде Малайзия премьер-министрінің көзі түсіп, сатып алып кетті. Соның ақшасына Алматыдан үй алдым, — дейді зергер.

Бұл оқиға — өнердің шынайы бағалануының дәлелі. Қазақтың зергерлік өнері мен шебер қолдың қадірін түсінетін жан үшін ол жай ғана бұйым емес, тұтас мәдениеттің, рухтың символы.

Астананың бір шетінде, көпқабатты үйлер мен заманауи дүкендердің көлеңкесінде ерекше бір орын бар. Ол — Берік Әлібайдың музей-үйі. Төрде — ескі өңіржиек, қабырғада — қылыш, сөрелерде — күмістен соғылған әшекейлер. Мұнда әр заттың, әр бұйымның өз үні, өз тағдыры бар. Ал осы дүниелердің иесі — зергер, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық Карл Фаберже орденінің иегері әрі рухани мұра сақтаушысы Берік Әлібай.

ҚАЛА ШЕТІНДЕГІ



БҮЛ — БИЗНЕС ЕМЕС, МИССИЯ

Музейдің іргесін қалауда Берік ағаның жары Гүлнәр ханымның рөлі зор. «Әлі есімде, Алматыда Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының шағын жатақханасында тұратын едік. Сол уақыттарда қолымдағы қаржыға күнде бір экспонат сатып аламын. Сондай бір күндерде келіншегім: «Қашанғы жерге жата береміз? Бір диван алайықшы» дейді ғой. Сол кезде бір ұялғаным бар еді. «Қаншама білезік, сақинаны сатып ала беріп, бір диван алмаппын ғой» деп бірден «Мерей» комбинатынан бір қызыл диван сатып алып келгенмін. Міне, осындай уақыттарда жолдасым қолдамаса, мен осыншама коллекция жинамас та едім» дейді ол.

Берік аға үшін демалыс деген ұғым ұмыт қалған. Бар тапқанын экспонат алуға жұмсап келгенін өзі де жасырмайды. Оның ішінде қазақтың ұлттық әшекейлері — өңіржиек, бойтұмар, білезік, сақина мен сырғалар; жауынгерлердің қару-жарағы — қылыш, найза, айбалта; батырлардың мінген ертұрмандары, сауыт-саймандары мен тұрмыстық бұйымдары бар. Әрбір бұйымның өзіндік тарихы, иесі болған. Тіпті, кейбір экспонаттармен жылдап саудаласқан кездер де болыпты.

— Бұрынғы келісімдерім есімде жоқ. Кейінгілерден EXPO көрмесі



Әсет ҚАЛИ (фото)

Кейіннен 6-7 жыл өткеннен кейін сол кісі хабарласып, ақыры басқа бағаға келісіп алдым. Экспонаттардың ішіндегі ұзақ келісілгені осы шығар. Себебі маған дейін де бұл алқа талай жыл сатылмай жүріпті, — дейді зергер.

КҮМІС — ДЕНСАУЛЫҚ ПЕН ТАЗАЛЫҚ КЕПІЛІ

Берік Әлібай — тек коллекция жинаушы емес, шебер зергер. Ол темірді де, асыл тасты да сөйлете алатын колөнер иесі. Бірақ Берік аға алтынмен жұмыс істемейді. Оның бұл шешімі — тек кәсіптік емес, рухани ұстанымнан туған тандау.

— Алтынмен жұмыс жасамаймын. Алтын жүрген жерде шайтан жүреді, — дейді шебер. — Алтынды тек сәндік, әшекейлік мақсатта пайдалануға болады. Менің колөнерімнің негізі — кү-

Қазір Қазақстанда күміс өндіретін зауыттар бар. Берік аға сол зауыттармен арнайы келісімшарт арқылы жұмыс істейді.

— Мемлекетке тіркеліп, нөмір аламыз. Сол нөмір арқылы шикізатты заңды түрде сатып аламыз. Қазір күміс табу — қиын емес, тек ниет керек, — дейді ол.

Берік Әлібайдың музей-үйінде металл бұйымдар ғана емес, киізден, тері мен ағаштан жасалған түрлі жәдігер сақталған. Бірақ олар ерекше күтімді қажет етеді.

— Киіз — тірі дүние. Қазір жасалған киізге көбелек, құрт түсіп кетуі мүмкін. Сол үшін күн сайын қарап отырамын. Ең қызығы, XX ғасырдың басындағы киіздерге көбелек қонбайды. Өйткені ол кезде бояуға улы шөптер, жусан қосатын. Бүгінгі синтетикалық бояулар оған жетпейді, — дейді шебер.

Ол музей тәжірибесіне сүйене отырып, әр бұйымның сақталу температурасы мен ылғалдылық

— Өз қолыңнан шыққан еңбекті өзін бағаламасаң, оны өзгенен күту қиын. Ал өз өнеріңді құрметтесең, бағалайтын адам табылады, — дейді Берік Әлібай.

Берік аға қазір жас шеберлерді тәрбиелеумен де айналысады. Зергердің туған жері Меркі ауданындағы Қызылсай ауылынан 30-дан астам зергер мен шебер шығыпты. Олардың әрқайсысы қазақтың ұлттық өнерін жалғастырып келеді.

— Ұлттық өнер — тек колөнер емес, бұл — рухани тәрбие, мәдени иммунитет. Осы дәстүр үзілсе, біз кім екенімізді ұмытамыз, — дейді шебер.

Ұлы Абай 33 қара сөзінде: «Егерде мал керек болса, колөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды» дейді. Өнерді сенен ешкім тартып ала алмайды. Өйткені өнер адам бойындағы қасиет. Берік Әлібайды үйіне іздеп келетін халықтың қарасы көп. Өзінің айтуынша, тапсырыс та аз емес.

РЕПОРТАЖ

17 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

— Қазақ мінген атына да тұмар таққан. Тұмар тіл көзден сақтайды. Алыс жолға шыққан адам тұмарының ішіне ауылының топырағынан салып алған. Егер де барған жерінде жазым болса, сол туған жерінің топырағын бірге көмген. Ислам діні келгеннен кейін тұмардың ішіне Құранның сүрелерін жазып немесе ата-анасының тілегін жазып, бойына тағып жүрген. Кейінгі кездері «Тұмар тағу— Аллаға серік қосу» деп жансақ пікір пайда бо-

трендке айналды. Ал қазақта тұрмыс құрмаған қыз «құстұмсық жүзік» таққан. Себебі жүзіктің басы құстың тұмсығына ұқсатып жасалған. Ал құс еркін, қай жерге қонатынын да, ұшатынын да өзі біледі. Сондықтан қыздың басы бос екенін үлкен тойларда жеңгелер қолындағы жүзігіне қарап білген. Қыз құстұмсық жүзігімен бірге ұзатылған. Барған жерінде бақытты болса, құстұмсық жүзікті орамалға орап, төркініне беріп жі-

ұрысқа бой алдырамыз. Отағасы үйіне кірген кезде камшысын босағаға тастай салса әйелі «күйеуім асығыс екен» деп тез шай дайындаған, — дейді Берік Әлібай.

Зергердің айтуынша, ер адамдар тек күміс әшекейлер таққан. Кейбір азаматтар сырға таққан.

— Мысалы, менің әкемнің құлағында сырғаның тесігі бар. Өйткені әкем бір әкеден, бір шешеден жалғыз болған. Жалғыз ұлдың құлағын тесіп, сырға тағыпты. Жаудың өзі құлағында сырғасы бар азаматтарды өлтірмеген. Бұл сонау сақ заманынан келе жатқан дәстүр. Мысалы, Алтын адамның құлағынан да сырға табылған. Бала тоқтамағаннан кейін әкемді басқа біреуге беріп жіберіпті. Кейін үш қап тезекке қайта сатып алыпты. Сосын сол заманда белінде кемер белдігі жоқ еркек болмаған. Өйткені белдік ең қадірлі сыйлықтардың бірі болып саналған. Кемер белдік таққан азаматтың сегіз көзіне де суық тимеген, — дейді зергер.

Ауыр атлетикаға қатысатын спортшылар қазір беліне дәл сондай жалпақ белдік тағып жүр. Кемер белдік ауыр көтергенде де көп көмектескен. Бүгінде кемер белдік тұрмыста қолданылмаса да, сыйлық ретінде ұсынылып жүр. Бір өкініштісі, осындай ұлттық бұйымдарымыз Наурыз мерекесінде ғана еске түседі.

МУЗЕЙДЕ АБАЙДЫҢ ТҮПНҰСҚА ДОМБЫРАСЫ БАР

Берік Әлібайдың музей-бүйіндегі экспонаттар санына жету мүмкін емес. Орналасқан жері шағын болса да, коллекцияның көлемі ауқымды. Біз зергерден қанша экспонаты бар екенін де сұрадық.

— Қазақ баласының санын айтпаған. Сол сияқты мен де музейімде қанша экспонат бар екенін нақты білмеймін. Соңғы кездері экспонаттарымның санын



Пирамида, сәукеле тәрізді жүзік. Қыз босаға аттағаннан кейін енесі отау жүзікті келініне тағып «осы шаңырақтың түтінін түтет, ұрпағын көбейт» деп ырымдаған. Отау жүзік ұсақ-ұсақ бүршіктерге ұқсайтын элементтерден құралған. Мұның да мағынасы тереңде. Құдағи жүзікті қазір екі жас үйлене салып, құдалар бір-біріне тойда тағып жатады. Бұл дұрыс емес. Құдағи жүзікті бір жылдан кейін қыздың шешесі құдағиына беруі керек. Кейде қыздың анасы құдағиына риза болмаса, ол жүзікті бермеуі де мүмкін. Ал жүзіктің көлемі құдағиының ризашылығына қарай болған. Қазақ ымымен түсініскен халық. Қазір бетін бар ма, жүзің бар ма демей бірден

жиі сұрап кеткен соң ең оңайы ғой деп коллекциядағы картиналарды санадым. 1970-1980 жылдардан бергі қазақстандық суретшілердің майлы бояумен, сулы бояумен салған 600 картинасы бар екен. Ал қолөнер бұйымдарының санына жете алмай қойдым. Қазір музейдегі қызметкерлер санын көбейтіп, музей ретінде мәртебе алсам ба деп экспонаттардың санын есептеуге күш салып жатырмын, — дейді ол.

Музейдегі ең көне экспонаттар сақ, сармат дәуірінен келе жатқан — қола қазандар. Ал белгілі тұлғалардан Абай Құнанбайұлының түпнұсқа домбырасы бар. Алатау деген батырдың найзасы да сақталған.



— Біздің ең үлкен қателігіміз XVII-XVIII ғасырдан бері жасалған бұйымдардың ешқайсысы таңбаланбаған. Оны кім жасағанын, қай дәуірге жататынын табу өте қиын. Ал көрші Қытай елі бүгін болған жаңалықты бүгін хатқа түсіріп, мұрағатқа жинап отырған. Бұрын «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қытай, Ресей архивтеріне кіріп, Қазақстан тарихы туралы көптеген тың ақпарат табылған еді, — дейді зергер.

Қазір Carter, Bulgari сынды Көлемге танымал зергерлік брендер ел аузынан түспейді. «Болашақта Берік зергердің жасаған бұйымдары да брендке айналуы мүмкін бе?» деп шебердің өзінен сұрадық.

— Әлемдік брендтер тек жарнама үшін жұмыс істейді. Ал бұйымға қарасан, көңілге қонымды дүние емес. Бірақ аты да, бағасы да дардай. Бренд қалыптастыру үшін жарнамаға да көп ақша салу керек. Бірақ мен жарнаманы жақсы көрмеймін. Керек еткен адам өзі іздеп бізді табады. Көп адам неге әлеуметтік желіде жауап бермейсіз деп ренжижді. Бірақ мен Instagram-да жиі отырмаймын. Жыл сайын мемлекеттен жасаған бұйымдарыма нөмір аламын. Былтыр ГЖВ деген нөмір берсе, биыл ДЖГ деген нөмір берді. Осы танбаның жанына маған арнайы куәлік береді. Сынамалық таңба қоятын палата осы нөмірге қарап сынама қояды. 925 деген сынаманы біз емес, мемлекет қояды. Біз 925 деген саны бар болса, күміс екен деп ала береміз ғой. Бірақ олардың көбі күміс болмай шығады. Шетелден келетін металдардың көбі жалған. Шын күмістің сынамасы барыстың суретімен және KZ925 санымен тұрады, — дейді Берік Әлібай.

ЖЕКЕ МУЗЕЙ АШУҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАУЫМЫЗ КЕРЕК

Зергердің жеке музей туралы ойы да өзгеше. Қазір музей-үйдегі экспонаттар жыл сайын көбейіп жатыр. Егер Астана қаласының әкімдігі арнайы ғимарат берсе, жәдігерлерді сонда көшіруді де жоспарлаған. Ал 600 картинаның біразын туған ауылы Меркіге апарып, мәдени нысан ашу да зергердің мақсатында бар екен.

— «Президенттік мәдениет орталығы», «Алтын және бағалы металдар музейі», «Қазіргі заман өнер мұражайы» деген бірнеше музей жабылып қалды. Олардың ішіндегі экспонаттың барлығын Ұлттық мұражайға апарып жинап тастады. Ол ғимаратқа бірнеше музейдің заттары сыймай жатыр. Көбі музей қорында, қоймасында шаң басып тұр. Мемлекеттің жеке этнографиялық музей ашуына, жеке галерея жасауына мүмкіндік бар ғой. Шетелден келетін туристер

«Бұл ұлт өткен ғасырда қалай өмір сүрген?» деп қазақтың тарихын зерттеуге келеді. Ұлттық музейде Тәуелсіздік залы, Астана залы сияқты залдар бар. Оларға туристер қызықпайды да. Себебі олар Қазақстанның бүгінін онсыз да көріп жүр. Көрші Түрікменстанда, Әзербайжанда кілем музейі бар. Оған қарайтын жеке кілем министрлігі бар. Ал бізде зергерлік музейін жеке ашуға болады. Зергерлік тарихымыз Сақ заманынан басталады. Қазір біз зергерлерімізді қадірлеп жүрген жоқпыз. Ешқайсысының жұмысын мемлекет сатып алып, қор жинап жатқан жоқ. Олардың барлығы жан-жаққа сатылып кетіп жатыр. 100 жылдан кейін сол зергерлік бұйымдарға өзіміз зар болып қаламыз, — дейді зергер.

Мұражай үйіне шетелдік туристер жиі келеді екен. Айталық, мамыр айында бір күнде 120-180 адамға дейін келген сәттер болыпты. Сол туристердің көбі этномүзейде ұзағырақ уақыт өткізгісі келетіндерін жасырмайды.

— Бізде тығылып жатқан коллекционер көп. Олардың ішінде байлар да бар. Бірақ олар экспонаттарын шығаруға қорқады. Өйткені олар заттарды қандай ақшаға сатып алғанын дәлелдеуі керек. Маған да «Бұл зат сізге қайдан келді?» деп жиі сұрайды. Бірақ мен ешқашан мемлекеттік қызметте жұмыс істемедім. Еш жерде бастық болмадым. Музейде қарапайым реставратор болып жұмыс істедім. Сондықтан коллекция жинайтын адамдарға жеке музей ашуға жағдай жасауымыз керек. Жақында кітап шығаратындардан салықты алып тастау туралы мәселе Мәжілісте көтерілді. Депутат Аманжол Әлтай бұл тізімге қолөнершілерді қосу туралы да айтты. Қолөнершілердің мәртебесін көтермесек, қолөнер дамымайды. Қазір қолдаудың жоғынан кілем тоқу өнері «өлді». Сол сияқты ұлттық қолөнеріміздің салығын азайтып, арнайы субсидия бөлсек, көрші Өзбекстан, Қырғызстандағыдай қолөнер дамитын еді. Қазір кәдесыйларды Қырғызстаннан әкеліп, өзіміз шығарлық деп сатып жүрміз. «Ауруын жасырған өледі» дейді қазақ. Біздің ауруымыз осындай. Кәдесый жасайтындардың жұмысын заңдастыру жолдары өте қиын. Сондықтан қолөнердің дамуы үшін оған еркіндік беруіміз керек, — деп сөзін қорытындылады Берік Әлібай.

Музей-үйдегі екі жарым сағатымыз бес минутта өте шыққандай. Әр жәдігердің тарихын тыңдап шығу үшін бір күн де аз екен. Біз этномүзейден рухани күш алып, қайта айналып келеміз деп қоштастық.

Көктем ҚАРҚЫН,
Әсет ҚАЛИ



ҚАЗЫНА

лып кетті. Бірақ тұмар атам заманнан келе жатқан әшекей. Иордания патшайымы Рания әл-Абдулла тұмар таққаннан кейін тұмаршаға деген сұраныс артты. Қанша тұмар жасасақ, соншасы сатылып кете береді. Күніне он шақты жасайтын біз цех емеспіз. Айына бір тұмар жасауымыз мүмкін, — дейді зергер.

ЖАЛҒЫЗ ҰЛДЫҢ ҚҰЛАҒЫН ТЕСІП, СЫРҒА ТАҒЫПТЫ

Берік Әлібайдың айтуынша, қазақ зергерлік бұйымдарға ақық тасын қолданған. Өйткені ақық Қазақстанның барлық өңірінде бар. Музейдегі бұрынғы заттарды қарасаңыз, барлығында ақық тасы қолданылған. Бирюза, маржан тасты көп пайдаланған. Бирюза оңтүстікте, Келіншектауда, Шет ауданында, Майкайың ауданында бар. Бирюза — шетелдегі аукциондарда сатылатын құнды тас. Ал біздің халық табанының астында жатқан байлықты байқамайды. Бирюза жердің астында 30-40 метр тереңдікте өседі. Ортасын жарып қарасаңыз, іші аспан көк түсті.

— Сол тастарды шикізат ретінде сатып алып, өңдеп пайдаланамыз. Бирюза — адаммен бірге өмір сүретін тас. Адамның көңіл күйіне қарай түстерін өзгертіп отырады. Тас та табиғаттың бір бөлшегі. Адам жаман ауруға шалдықса, таққан тас та ағарып кетеді екен. Маржан тас Жібек жолы арқылы сонау Қызыл теңізден, Араб мемлекетінен, Үндістаннан қазақ жеріне келген. Маржан тастардан ішек, асқазан ауруларына дәрілер жасаған деп айтады. Зоб ауруына да маржан тастары бар моншақтар таққан. Тастар адаммен бірге өмір сүреді, адамға қызмет етеді. Қазір адамдар жұлдыз жорамалына, туған күніне байланысты тастар тағады, — дейді зергер.

Қазір жастар арасында басының бос екенін білдіру үшін жіптен жасалған білезік тағу

ЖӘДІГЕР

17 МАМЫР 2025 | СЕНБІ



баспасөзге де жарияланған. Бүгінде жәдігерлердің бірсыпырасы, атап айтсақ, музейде Абайдың өзі тапсырған ағаш құты, ет табак, тері торсық, тұмар домбыра, қобыз, кебеже, шыныаякқап, сандықша, Абайдың ері, биік асадал, тоғызқұмалақ сақтаулы тұр.

ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА
ЕНГЕН ҚҰС

Жезқазған облыстық тарихи-өлкетану мұражайы 1978 жылы құрылған, мұнда 30 138 жәдігер сақталған. Оның көбі этнографиялық, нумизматикалық, палеонтологиялық және тұрмыстық мұралардан құралған, арнайы

Кейінірек Эмма Усманованың жетекшілігімен Домбауыл кесенесінің маңында орналасқан ІХ-Х ғасырларға тән қорғанды зерттеу жұмыстары жүргізіліп, қорамса, найза мен жебе ұштары сияқты қару-жарақтармен жерленген жауынгердің сүйегі табылып, мұражайға табысталды.

Сонымен қатар Алматы қаласындағы ҚазҰУ-дың зоология музейінен бірқатар экспонат жеткізілді. Олардың ішінде ең ерекше жәдігер — Қазақстанның Қызыл кітабына енген көрікті тырнаның тұлыбы.

ҮШ ТҰЯҚТЫ ГИПЕРИОН
ЖЫЛҚЫСЫ

1942 жылы Павлодардағы Г. Потанин атындағы облыстық тарихи-өлкетану музейінің негізі қаланды. Музейдің экспозициясы тоғыз бірдей залға бөлінген. Әрбір зал — бір-бір дәуірдің, табиғаттың немесе ұлт тарихының тірі куәсі. Табиғат, археология, этнография, XV-XIX ғасырлардағы Ертіс өңірінің тарихы, азаматтық соғыс пен

қаңқасы және тағы басқа түрлері жойылып кеткен жануарлардың қаңқалары келушілер назарына ұсынылады.

Музейдің тағы бір мақтанышы — Менделеев кесетесіндегі 99 элементтің үлгілері. Бұл элементтерді ғалым Қаныш Сәтбаев зерттеген. Сондай-ақ өсімдіктердің тасқа түскен іздері де мұнда ерекше орын алады — тас бетінде сақталған бұл бейнелер таңғажайып дәлдігімен және сұлулығымен көз тартады.

Музей қорының баға жетпес жауһарларының бірі — белгілі фотограф және өлкетанушы Дмитрий Багаевтың сирек фотоколлекциясы мен тарихи көрме жәдігерлері. Оның объективі арқылы өткен ғасырдың ел тынысы мен тұрмыс-салты бүгінгі ұрпаққа аман жеткен.

2019 жылы елордада өткен республикалық музейлер фестивалінде Г. Потанин атындағы музей «Мемлекеттік ең үздік музей» атағын иеленді. Бүгінде музей қорында 79 мыңнан астам экспонат сақтаулы. Бұл мекеме — жәдігерлер қоймасы ғана емес, ұрпақты тәрбиелейтін, тарихқа тағзым ететін тағылым ордасы.

ЯДРОЛЫҚ СЫНАҚТАР
МУЗЕЙІ

Курчатов қаласындағы Ұлттық ядролық орталық аумағында Семей ядролық сынақ полигонына қатысты деректер мен жәдігерлерді сақтайтын бірегей музей жұмыс істейді. Еліміздегі жалғыз ядролық сынақтар музейі 1972 жылы 52605 әскери бөлімінің негізінде құрылған. Бүгінде музей Ұлттық ядролық орталықтың құрамындағы Радиациялық қауіпсіздік және экология институтының ғимаратында орналасқан.

Экспозициядан атом бомбаларының бөлшектері, ядролық сынақтарға бақылау жүргізуге арналған арнайы құрал-жабдықтардың үлгілері, сирек құжаттар, макеттер мен полигон кезеңіндегі фотосуреттерді көруге болады. Сондай-ақ полигонда жұмыс істеген ғалымдар мен әскери мамандардың тарихи фотосуреттері де көрмеге қойылған.

Ядролық сынақтардың бірінің нәтижесінде жер астындағы жарылыстан пайда болған Шаған көлі — осы аумақтың тағы бір ерекше нысаны. Қазір бұл көл де музеймен қатар туристер үшін тартымды орындардың бірі саналады. 1965 жылы жасанды су қоймасын жасау үшін жарылыс-сынақ жасалған, салдарынан 3,5 миллион текше метр топырақ көкке ұшқан.

Бұл жер — ядролық қарудың қалыптасу тарихын көзбен көріп, сынақ алаңының зардабын сезінуге мүмкіндік беретін ерекше мекен. Полигондағы ең танымал туристік маршруттар — пилоттық алаң мен Атом көлі. Курчатовқа саяхат жасау үшін арнайы рұқсат қажет.

Айта кетейік, Семей медицина университетінің 1975 жылы ашылған Анатомиялық музейінде Семей ядролық сынақ полигонында жүргізілген жарылыстар салдарынан патологиямен туған сәбилердің құрсақтағы үлгілері бар. Анатомиялық экспонаттар музей ашылғанға дейін жинала бастаған, алайда бір жерде сақталмаған. Кейін осы материалдар біріктіріліп, ресми түрде Анатомиялық музей ретінде ашылды.

Аружан НҰРМАХАН,
Ділназ РАФАИЛ

ӘР музей – әлем,
жәдігер – хикая

18 мамыр – Халықаралық музей күні. 1977 жылы Мәскеудегі Халықаралық музейлер кеңесінің XI бас конференциясында бекітілген кәсіби мереке әлем елдерінде 50 жылға жуық тойланып келеді. Бүгінде елімізде 271 музей бар, біз соның ерекшелерін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

БОПАЙ ХАНЫМНЫҢ
ҚЫЛЫШЫ

Алматы облысы Қарасай ауданында 2017 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Батыр бабалар» тарихи мемориалды музейі ашылды.

Музей бір залдан тұрады, әйтсе де мағынасы мен мазмұны тұтас бір дәуірлерді қамтиды. Экспозиция үш тақырыптық бөлімге бөлінген — Сақ дәуірінен Алашорда үкіметіне дейінгі кезең, Ерлік пен елдікті ұран еткен батыр бабалар, Тәуелсіздікке жол ашқан хандар мен билер.

Музейдегі ең құнды жәдігерлердің бірі — Кенесары ханның қарындасы, ер жүрек Бопай ханымның қылышы. Темірден соғылған, жалпы ұзындығы 98 см болатын бұл қылыш 1845 жылы Санкт-Петербург қаласында атақты қару шеберлері Николай мен Людвиг Вильгельм Шафтардың қолынан шыққан. Бопай ханым Кенесары бастаған көтеріліске белсене қатысып, 600 сарбаздан тұратын топты басқарған. Ұлт-азаттық күрестегі оның ерлігі мен қайсарлығы — қазақ қыздарының батырлық бейнесінің көрінісі іспеттес. Бұл тарихи жәдігерді музейге Аидар Тастеміров табыстаған.

Ал Кенесарының қылышы Оңтүстік Қазақстан облыстық өлкетану мұражайында сақтаулы тұр. Музей қорына Әзімхан Кенесарин (Кенесарының бәйбішесі Күнімжаннан туған баласы Ахметтің ұлы) өз қолымен тапсырған.

Музейдегі қару-жарақ бөлімінде қазақ жауынгерлерінің майдан даласында ұстаған айбалтасы, саптыаяғы, садағы мен найзасы қойылған. Әсіресе, колөнер шебері Дәулет Шоқпаров жасаған батырлардың темір сауыттары мен айбалта үлгілері — көрерменге батыр бабалар рухын сезіндіреді.

АБАЙ ӨЗІ ТАПСЫРҒАН
ЖӘДІГЕРЛЕР

1940 жылдың сәуірінде Семейде Абай Құнанбайұлының музейін

ашу туралы қаулы қабылданған. Жәдігерлерді жинау жұмысы да сол уақытта басталыпты. Абайдың немере інісі Әрхам Кәкітайұлы Ысқақов музейге қызметке алынып, Абай туыстарының, ұрпақтарының, замандастарының қолында сақталған ұлы ақынға қатысты заттарды жинайды. Заттай жәдігерлермен қатар Абайды көзі көрген адамдардың естеліктері, ақынның шығармалары қағазға түсіріліп, музей қорына қабылдау жұмыстары қолға алынған. Аз уақыттың ішінде музей экспозициясы жасакталып, 16 қазанда музей өзінің алғашқы көрермендерін қабылдай бастаған.

Бұл Қазақстан жерінде башылған алғашқы әдебиет-мемориалдық музей еді. Биыл 85 жылдығын тойлайтын Семейдегі Абай мұражайының негізгі қорында бүгінде 11 мыңнан аса экспонат бар. Солардың аса құндысы — Абайға тікелей қатысты жәдігерлер. Атап айтқанда, Абайдың бейнесі бар екі фотосурет, П. Лобановскийдің ақынның көзі тірісінде қарындашпен салған портреті, Абайдың 1896 жылы ұлы Мағауияға жазған хаты, 1885 жылы Н.Долгополов арқылы Семейдегі өлкетану музейіне тапсырған заттар, Мәскеу, Ленинград, Омбы, Том, Қазан қалаларының және Қазақстан мұрағаттарынан табылған Абайдың өмірі, атқарған қызметі, туыстық және өнер айналасына қатысты архив деректері, Абай оқыған медресенің араб, түрік, шағатай тілдеріндегі кітаптары.

Абай Құнанбайұлы Семей қаласындағы 1883 жылы ашылған өлкетану музейінің қорын экспонаттармен толықтыруға көмектескені белгілі. 1885 жылы Абайдың Семейдегі орыс достарының бірі Нифонт Долгополов жаз айларында Абай ауылына барып, сонда екі айдай болып қайтады. Қайтып келген соң ол Семейдегі өлкетану музейіне қазақтың тұрмыс-тіршілігіне қатысты 60-қа жуық тұрмыстық зат тапсырған. Бұл заттың барлығы Абай ауылынан әкелінген еді. Ол туралы музейдің сол кездегі тіркеу журналына да жазылып,



ЕҢ...

ЕҢ...

ЕҢ...

ЭКСПОНАТҚА БАЙ МУЗЕЙ

Шығыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі — еліміздегі ең ірі және ертеден келе жатқан мәдениет ошағы. Музей коллекциясы 148 мыңнан астам экспонат бар, жыл сайын музей қоры 3 000-ға жуық жәдігермен толығады және 15 мың түпнұсқа тұрақты көрмеге қойылған.

КӨНЕ МУЗЕЙ

Мемлекеттік орталық музей — бүкіл Орталық Азия аумағындағы бірегей әрі көне музейлердің бірі. 1830 жылдары Орынборда негізі қаланған алғашқы қазақ музейі. 1929 жылы Алматыға көшірілген.

ЖАҢА МУЗЕЙ

Ұлттық музей — 2014 жылы елорданың Тәуелсіздік алаңында ашылды. Бас қаладағы 74 мың шаршы метрлі бірегей музей 14 залдан тұрады.

ТАРИХИ МӘНІ ТЕРЕҢ МУЗЕЙ

Карлаг мұражайы — Карлагтың тарихи ескерткіштерін зерттеу және сақтау әрі Қазақстан аумағында болған еңбекпен түзеу лагерлерінің құрбандарын мәңгі есте қалдыру мақсатында құрылған.

СИРЕК ЭКСПОНАТТАР САҚТАЛҒАН МУЗЕЙ

Астанадағы минералогиялық музейде минералдар, тау жыныстары, бағалы тастар және көне палеонтологиялық олжалар кездеседі. Бұл музейде 2 300-ге жуық ерекше сирек кездесетін экспонат ұсынылған.

ғылыми экспедицияларды жүргізу барысында табылған.

1978 жылы С.Бүкіровтің жетекшілігімен ұйымдастырылған алғашқы ғылыми экспедиция Тамғалыңұрадағы жартас жазуларын зерттеуге бағытталды. Экспедиция барысында тас беттеріне ойылып жазылған бірнеше тамға белгісі табылып, олар музей қорына жеткізілді.

1981 жылы Атасу өзені бойындағы қола дәуірінің кен өндірушілер мекенінде археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Оған музей қызметкерлері Э. Усманова мен Ш.Төлегенова қатысып, нәтижесінде музей қорына сол дәуірге тән құймалардың іздері мен шлақтың ұсақ бөлшектері табысталды.

революция кезеңі, Ұлы Отан соғысы, сонымен қатар облыстың қазіргі даму кезеңдері сияқты маңызды бағыттар көрерменге кеңінен таныстырылады.

Палеонтология залындағы ерекше жәдігерлердің бірі — гиперион жылқысы. Бұл ежелгі жануар қазіргі жылқыларға ұқсас болғанымен, айырмашылығы — үш тұяқты әрі табаны жерге тимей, сазды, орманды аймақтарда тіршілік еткен. Мұражайдың екі залы өлкенің табиғатына арналған. Бұл залда аймақтағы ежелгі фаунаың үлгілері көрсетіледі. Ертіс террасасы қыртысынан табылған ірі мүйізді бұғының толық қаңқасы, өртүрлі Ертіс маңы аудандарында өткізілген қазба жұмыстары нәтижесінде жинастырылған мамонт

РУХАНИЯТ

17 МАМЫР 2025 | СЕНБІ



ҰЛТ МҰРАТЫ ШЫҢДАҒАН ҚАЙРАТКЕР

Еуразия ұлттық университетінде Смағұл Сәдуақасұлының туғанына 125 жыл толуына арналған «1925 жыл: ұлт мұраты шыңдаған қайраткер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференцияға қатысушылар жиын басталмас бұрын «Жастар» шағын ауданындағы мемлекет қайраткері Смағұл Сәдуақасұлы және Кенесары жасақтары жерленген «Бабалар қорымында» болып, бабалар рухына құран бағыштады. Қайраткердің ескерткіші маңына шырша егіп, айналасын абаттандырды. Одан кейін «Күлтегін» атриумында Смағұл Сәдуақасұлының және зерттеуші-ғалымдардың мемлекет қайраткері

туралы жазылған кітап көрмесін тамашалады.

Шараға Парламент депутаты, көрнекті тарихшылар, ғалымдар, ЖОО басшылары, мұражай директорлары, мектеп, БАҚ, партия өкілдері және басқалар қатысты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын Президент кеңесшісі, ҰҒА академигі Бауыржан Омарұлы жеткізді. «Смағұл Сәдуақасұлы халқымыздың біртуар перзенті, ол күрделі

кезеңде маңызды мемлекеттік қызметтерді абыроймен атқарып, көптеген игі бастамаларға ұйтқы болды. Тұғырлы тұлға сөз руханиятын өркендетуге зор еңбек сіңірді. Халқымыз Смағұл Сәдуақасұлының есімін ешқашан ұмытпайды, оның өнегелі өмірі өскелең ұрпаққа әрдайым үлгі», — делінген Мемлекет басшысының құттықтауында.

Конференцияға қатысушылар арнайы қарар қабылдап, жоғары деңгейдегі ғылыми басқосудың өрелі мақсатқа қол жеткізгенін атап өтті. Сондай-ақ шара аясында академик Дихан Қамзабекұлының «Смағұл Сәдуақасұлы. Қайраткер қағидаты» атты кітабы таратылды.

Жуырда жазушы Кенжебек Тұманбайұлы «Картада жоқ ауыл» деген жаңа кітабын тарту етті. Бір қараған жан атауына қарап, кешегі Кеңес заманы тұсындағы «жабық» елді мекендердің бірі туралы кітап болар деп ойлап қалуы мүмкін. Иә, қырық жыл сынақ алаңына айналған байырғы қазақ даласында ондай нүктелер аз емес. Ол енді басқа әңгіменің тұздығы. Ал бұл кітап автордың кіндік қаны тамған Аққұдық ауылы, сонда тұрып тірлік кешкен қарапайым еңбек адамдары жайлы жазылған. Ауыл болғанда да солақай саясаттың кесірінен тарап кетіп, бүгінде қирандысы ғана қалған – Кенжебектің Аққұдығы...

САҒЫНЫШ

сөз

Бүгінде Қазақстанда қанша ауылдың жойылғаны туралы ешкім дөп басып айтып бере алмайды. Көптеген ауылдар тоз-тоз болып, тұрғындары тіршілік қамымен тарыдай шашырап кетті. Токсаныншы жылдардың топалаңында басталған бұл кесел бертіңге дейін жалғасты. Тіпті, «Болашағы жоқ ауылдар» деген қасаң көзқарас қалыптасты.


Сонымен, Кенжекең достың «Картада жоқ ауыл» деген сиясы кеппеген кітабын жата-жастана оқып шықтым. Жинаққа енген лирикалық-сағынышты хикаяттар әп дегеннен оқырманын өзіне баурап алады. Автордың тебіренісі — терең, еміренісі — ерен. Бірде мұнайтып, енді бірде қуантып отыратын ғажайып бейнелердің галереясын шебер жасай алған. Еріксіз елітетін ой ағысы, сіңірлі шығармаға тән сюжет желісі бар. Сағыныш шіркін жаздың жұпар жанбырындай бүркырап тұр. Сонда бұл қайдан келген алапат сағыныш дерсің?! Әр сөйлемі оқыған сайын кеуде тұсында шымырлатып, сені де әр-сәрі күйге бөлейтін не құдірет екен? Сіз оның жауабын осы кітаптан ғана таба аласыз.

Тіршілік барда дүниенің жаңаратыны рас. Айлардың аунап, жылдардың жылжуы да — заңдылық. Бәрі өтеді. Қалатыны — сағыныш сазы ғана. Кітапқа енген шығармалардың лирикалық-сағынышты хикаят аталуы содан да шығар. Кіндік қаны тамған туған жерге деген сүйіспеншілік сезім мен сағыныштың нар көтере алар зіл батпан жүгін алып жүруге де үлкен төзім керек-ау. Автордың жусанына кіндігінен байланған алақандай Аққұдыққа деген ұлы сағынышының ұшқыны осындай!

Бір ғажабы, кітап кейіпкерлері маған да етене жақын. Көбінің есім-сойы, адами кескін-келбеті таныс. Өткен ға-

сырдың токсаныншы жылдарының бел ортасында ашқұрсақ студент менің де Аққұдыққа табаным тиген. Онда қоңыр күз болатын. Іргесі сөгілмеген ауылдың берекесі тасып, мейманасы асып жатқанды. Тары салып, сүт қатқан шай ішкен елтірі бөрікті адай шалдары мінезге бай еді. Заманында мыңғыртып мал айдаған Төпен байдың тұяғы Таңбай қарт, 100 жасаған қария, даланың академигі, Социалистік Еңбек Ері Әлшен Төлеповтің азамат ұлы Қожық ақсақал, Сәтмағамбет жарықтықтың жалғызның амандығын тілеп, түркімен асып, сусыған құм, шөл далада тағдыр табыстырған батыр тектес Лекердің Қойшыбайы, шикылдап күлгенімен есімде қалған Тұманбай ақсақалдың құрдасы Беген — бәр-бәрімен дастарқандас болып ем-ау... Қариялардың сөзі — салмақты, ойы тұшымды еді. Кітапты қолға алған сәттен сол бір жайсаң жандардың жарқын бейнесі көз алдыма келді. Кенжебектің «Жұмақтың есігі» эссесіндегі мына жолдарды оқығанда, ғазиз жандардың рухымен тілдескендей әсер алдым:

«...Көз көргендердің қатары тым сиреп бара жатқандығы мен өзімнің де жер ортасынан асқандығымды ойласам, жаным аласұрады келіп. Неге? Неге сол жампоз жандарды ұмыта алмай келемін? Неге тағдыр мені туған жерден жыраққа жетелеп ала жөнелді? Қолыма қалам ұстатқан не күш? Ес кіргелі алғаш көрген, жаныма жақындау сол аяулылардың ғазиз есімдерін ақ паракқа кестелеп, жұдырықтай жүректің төріне жамбастап жатып алған қастерлі құбыла, қасиетті мекен —



туған жерге деген мауқымды осылайша баспасам, басқа қолымнан не келеді? Арғы жағалауда қол бұлғап қалған қамсыз балалықтың алтын ұясы — айналайын туған жердің мандайынан бір сипауға жарасак, ол да жанына жұбаныш екен».

Туған жерді бұдан асырып қалай сүйеге болады?! Жүздерін күн қақтап, жел кептірген, арамдыктан ада ауыл адамдарын алғаусыз ансау ғой бұл! Картадан жоғалса да, жүрегінің төрінен орын алған Аққұдықта кіндік қаны тамған әкелері мен ағаларын ет-жүрегі елжірей сағыну ғой бұл!

Адам баласы өмірге келерде туған жер мен ата-ананы таңдай алмайды екен. Жаратқан Жаббар Иеміз қай жерді бұйырғанда, сол топыраққа кіндік қаның тамады. Егерде ғайыптан тайып, Кенжекең «Мысыр шөрі» тандау бұйырып жатса, тандауы сөзсіз Аққұдыққа түсеріне бәс тігер ем. Кенжекең үшін ғұмырдың мәні осы сияқты.

Жеті жасында ауылдан алғаш ұзап шыққан сәтінен көлеңке секілді қа-

сынан бір елі қалмай келе жатқан сартапты сағынышын Кенжекең осылай басыпты. Айтпақшы, Аққұдықтың іргесіндегі Алып-Анада мердігерлік әдіспен екі отар бағып отырған ағайынды Әбдіхалық пен Артелбайдың қыстағына 1989 жылдың ақпанында КСРО Халық депутаттығына кандидат болып тіркелген Бірінші хатшы Г.Колбин ат басын тіреп, бәрі жақсы болады деп қоштасыпты. 1991 жылдың қарашасында осы ауылдың бейнетқор бір шалы Тұманбай Сәтмағамбетұлы тұңғыш президентке аудан орталығы Миялыда бата беріп, «патша болсаң, әділ бол, қара қылды қақ жарған», — депті. Топырағын басып, дәмін татқан Аққұдық дегенің осындай бір берекелі ауыл еді...

Жуырда Сағыз ауылының Мәдениет үйінде Кенжебек Тұманбайұлының шығармашылығына арналған өңірге белгілі қаламгерлер Әбілхан Төлеуіш, Бауыржан Сисеновтің ұйымдастыруымен «Сағындырған ауылым» атты кеш болып өтіпті. Жан-жақта жүрген Аққұдық ауылының азаматтары қатынасқан кешке Қызылқоға аудандық мәслихатының төрағасы Толқын Бейісқали, аудан әкімінің орынбасары Гүлшара Ізімова, Сағыз ауылдық округінің әкімі Асхат Арыстановтар қатысып, жерлес жазушыға ақжарма тілектерін арнады. «Картада жоқ ауыл» кітабының тұсауын еңбек ардагерлері Байғали Тұсаубаев пен Зинадин Катпаулы кесіп, жерлес жазушыға шығармашылық табыс тіледі.

Мұхарбек ЖӘКЕЙҰЛЫ

ТАНЫМ

17 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

Ғылыми ізденістің табиғаты соңғы жылдары түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Бұған себеп – жасанды интеллект мүмкіндіктерінің күн санап кеңеюі. Ақпарат іздеу, әдеби шолу жасау, мәтінді құрылымдау, тілдік редакциялау сынды процестер енді жалғыз зерттеушінің иығындағы жүк емес. Күрделі модельдерге негізделген жасанды интеллект құралдары бұл үдерістерді едәуір жеңілдетіп отыр. Алайда ғылыми дәлдік пен этикалық жауапкершілік тұрғысынан мұндай көмек қаншалықты сенімді? Бүгінде зерттеушілер бұл технологияға қалай қарайды? Біз осы өзекті сұрақтардың жауабын іздеп көрмек болдық.

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ

ЦИФРЛЫҚ КӨМЕКШІ – ЗЕРТТЕУШІНІҢ ОҢ ҚОЛЫ

Кей деректерге сүйенсек, соңғы жылдары жарияланған ғылыми мақалалардың кемінде 20 пайызы жасанды интеллект көмегімен өңделген. Ал Nature, Science, Elsevier сынды алпауыт баспалар редакциялық саясаттарына ЖИ қолдануға қатысты арнайы нұсқаулықтар енгізіп үлгерді.

Ғылым – үнемі жаңа құрал іздейтін орта. Соңғы онжылдықта генеративті жасанды интеллект зерттеушілерге шығармашылық серіктес, стилист-редактор, тіпті библиографиялық көмекші рөлін атқарып келеді. Әсіресе, тақырып тандаудан бастап, әдеби шолу жасап, журнал тауып, мәтінді өңдеуге дейінгі процестерде ЖИ-дың тиімділігі барған сайын артып жатыр.



Назарбаев университетінің Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебінің қауымдастырылған профессоры Шазим Али Мемон – генеративті ЖИ-дың әлеуетін тәжірибеде қолданып жүрген зерттеушілердің бірі. Оның айтуынша, ChatGPT, DeepSeek секілді жүйелердің көмегімен ғалымдар өз жұмысының бағытын анықтап, сәйкес журналдар таба алады.

– Генеративті ЖИ – мәтін, сурет, дыбыс, тіпті синтетикалық деректерді де жасай алатын модельдер. ChatGPT, DeepSeek сынды жүйелер мақаланың мазмұнына сай журналдарды ұсынудан бастап, әдеби шолу жасау, тілдік сапаны арттыру секілді көптеген бағытта көмектесе алады, – дейді ол.

Ғалымның пікірінше, қазір Scopus AI, Scispace, Con-

sensus, Undermind сияқты арнайы құралдар ғылымдағы ізденіс процесін жылдамдатып қана қоймай, оны құрылымдық жағынан да жүйелей түседі. Әсіресе, Scopus AI платформасының мүмкіндіктері ерекше атап өтуге тұрарлық. Онда зерттеу тақырыптары арасындағы байланыс картасы, танымал әрі қалыптасып келе жатқан ғылыми трендтер, мақаланы жазуға көмектесетін әдебиеттерді автоматты түрде жүйелеу мүмкіндігі бар.

– Scopus AI жүйесі арқылы зерттеу бағытын дәл анықтауға, ғылыми қауымдастықпен байланыс орнатуға, жаңа тақырыптармен танысуға болады. Бұл – уақытты үнемдеп қана қоймай, фокус пен ғылыми тереңдікті арттырудың заманауи тәсілі, – дейді профессор.

Журнал тандау, рецензент ұсыну, мәтін стилін жетілдіру сияқты жұмыстарға арналған Elsevier, Springer, Wiley сияқты ірі баспалардың AI-негізделген платформалары да ғалымдар тарапынан жоғары бағаланып келеді.

ҒЫЛЫМДАҒЫ ЖАҢА ДИЛЕММА

Жасанды интеллект құралдарының кең таралуы ғылыми қауымдастықты қуантумен қатар, бірқатар маңызды сұрақты да күн тәртібіне шығарды: ЖИ-ға қай деңгейде сенуге болады? Ақпараттық дәлдік пен дереккөзге адалдық қай сәтте бұзылады? Әрі ең бастысы – зерттеуші мен машинаның аражігі қай шекке дейін сақталуға тиіс?




Назарбаев университетінде академиялық мақсаттағы ағылшын тілі пәнінен дәріс беретін оқытушы Александро Акуйю-Кеспедестің пайымдауынша, генеративті жасанды зерттеуші тығырыққа тірелген сәтте жаңа бағыт ұсынуға қауқарлы. Бірақ бұл әр-

қашан сәтті нәтиже береді деген сөз емес. Акуйю-Кеспедес: «AI нәтижесінің сапасы – ең алдымен, зерттеушінің өз сұранысын (prompt) қаншалықты нақты және түсінікті етіп жеткізе алуына байланысты», – дейді. Оның айтуынша, ЖИ-ды тиімді әрі адал пайдалану үшін, алдымен этикалық сауаттылық пен дұрыс бағытталған оқыту қажет. Әсіресе, ғылыми мәтінде AI көмегі пайдаланылса, оны ашық түрде көрсету, яғни декларациялау бүгінгі этикалық норманың біріне айналуы тиіс.

– Соңғы уақытта мен AI мен плагиат тақырыбына қатысты зерттеу жүргіздім. Менің ойымша, ЖИ қолдануға шектеу қою, тіпті мүлдем тыйым салу – ғылыми орта үшін тиімді шешім емес. Біріншіден, бұл технологияларды анықтап беретін құралдардың сенімділігі төмен. Екіншіден, зерттеушілер қолжетімді технологияны бәрібір қолданады. Сондықтан бақылау емес, оқыту маңызды. Яғни, университеттер мен ғылыми мекемелер зерттеушілерді ЖИ-ды этикалық әрі тиімді пайдалануға үйретуі керек. Оның ішінде AI көмегін пайдаланған жағдайда оны ашық көрсету (мысалы, сілтеме, ескерту жасау) сияқты жаңа стандарттарды енгізу аса өзекті, – дейді Александро Акуйю-Кеспедес.



Ал Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы Ақерке Асанқызы жас ғалым ретінде ЖИ құралдарын күнделікті жұмысында қолдана отырып, олардың мүмкіндіктерімен қатар, шектеулерін де айқын байқаған.



Мия -
лық тең-
дікке ықпал

– ЖИ беретін ақпараттың сапасы мен дәлдігі әрқашан сенімді бола бермейді. Кей кездері нақты дерек таппаған сәтте ол өздігінен «құрастырып» жауап беруге тырысады. Бұл ғылыми адалдық үшін өте қауіпті. Айталық, бірде орыс поэзиясына қатысты зерттеу мақала әзірлеп жатқанда есімде көмескі сақталған өлең мәтінін ЖИ-дан сұрадым. ЖИ оны Александр Блокқа тиесілі деп көрсетті. Алайда кітапханаға барып түпнұсқа деректі тексергенімде, мүлде басқа автор екені анықталды. Мұндай мысалдар жасанды интеллектің толыққанды дереккөз ретінде қабылдаудың қате екенін дәлелдейді. Сондықтан ЖИ көмегімен жиналған материалды міндетті түрде жеке зерттеу арқылы қайта сүзгіден өткізу керек, – дейді Ақерке Асанқызы.


ТЕХНОЛОГИЯ ТЫҢ МАШЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

Сарапшылардың пікірінше, салдағы жылдары ЖИ ғылыми жазудың мынадай аспектілеріне түбегейлі әсер етуі мүмкін. Оның біріншісі – деректер интерпретациясы: ЖИ үлгілері зерттеу нәтижелерін ғана емес, күрделі деректер жиынтығын сараптап,

етуі. Ағылшын тілі ана тілі емес зерттеушілер үшін ғылыми мәтін жазу – үлкен кедергі. ЖИ-дың грамматикалық, стилистикалық өңдеу қабілеттері бұл тосқауылды айтарлықтай төмендетіп, мазмұнға емес, тілге негізделетін әділетсіздікпен күресуге мүмкіндік береді. Осылайша, ЖИ – ғылымдағы инклюзивтілік пен қатысу теңдігін қамтамасыз етудің құралы ретінде де қарастырыла бастады.

Дегенмен бұл үдерісте толығымен автоматтандыру мен ЖИ-ға иек артуға болмайтыны анық. Себебі ғылыми мәтін – тек ақпарат беру емес, жеке интуиция, тәжірибе, зерттеушілік стиль, ойлау мәдениеті сынды адами факторларға негізделген күрделі процесс. Болашақта ЖИ-дың мақала жазудағы рөлі күшейгенмен, ол ғылыми еңбектің авторын алмастыра алмайды. ЖИ – қолдаушы, нақтылаушы, жеделдетуші құрал, бірақ идея тудырушы мен жауапты тұлға рөлін ғылым әлі де адамзат өкілінің еншісінде қалдырып отыр.

Бүгінде әлемдік ғылыми қауымдастық ЖИ-мен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру жолында. Көптеген университет prompt engineering, яғни



Бүгінде әлемдік ғылыми қауымдастық ЖИ-мен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру жолында. Көптеген университет prompt engineering, яғни ЖИ-ға нақты әрі тиімді сұраныс беру машығын үйрететін курстар енгізіп жатыр. Бұл – ЖИ-дың болашағын зерттеушілермен тең әріптес ретінде қарастырудың алғашқы баспалдағы.

оны оқырманға түсінікті тілде ұсыну қабілетіне ие бола бастайды. Екіншісі – стилистикалық бейімдеу: болашақта ЖИ жүйелері әр журналдың немесе академиялық қауымдастықтың өзіндік жазу стиліне икемделе алатын деңгейге жетеді. Бұл – мақала қабылдану ықтималдығын арттыруға әсер етпек. Үшіншіден, контекстуалды библиографияға да ЖИ-дың ықпалы артады: қазірдің өзінде Scite, Research Rabbit, Connected Papers сияқты құралдар мақалалар арасындағы байланыстарды визуалды түрде көрсете алады. Жақын болашақта ЖИ зерттеушіге дәл мақсатына сай әдебиеттерді ғана емес, солармен логикалық түрде сабақтас идеяларды да ұсынатын болады.

ЖИ-дың болашағына қатысты тағы бір маңызды тренд – акаде-

ЖИ-ға нақты әрі тиімді сұраныс беру машығын үйрететін курстар енгізіп жатыр. Бұл – ЖИ-дың болашағын зерттеушілермен тең әріптес ретінде қарастырудың алғашқы баспалдағы.

Қорыта айтқанда, жасанды интеллект ғылыми жазу мәдениетіне тың серпін беріп отыр. Ол зерттеушіні алмастырмайды, бірақ оның серіктесіне айналып, жұмыстың мазмұндық тереңдігі мен тілдік дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді. ЖИ-дың басты құндылығы – ақпаратты жылдам ұсынуында емес, ғалымды ұқыпты құрылымдауға, нақты ой айтуға, жүйелі талдауға ынталандыруында. Ал болашақтағы ғылым – дәл осындай сапаға сүйеніп дамытыны анық. Демек, жасанды интеллект – зерттеушінің бәсекелесі емес, жаңа дәуірдегі серігі.

МӘСЕЛЕ

17 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

Осы аптада әлеуметтік желіде дәм-тұзы таусылған кейуананы ақтық сапарға ақшадан шашу шашып, шығарып салып жатқан әулеттің видеосы тарап, саналы елді тіксінтті. 103 жастағы марқұмның ер-азаматтар иығына салған мүрдесін қоршай алған жұрт жапа-тармағай қолын көтеріп, бірін-бірі кимелеп, шашылған ақшаны бірінші болып алып калуға тұра ұмтылды. «Адам өлімінде ақша шашып не көрінді?!», «Ел есінен ауысайын деген екен» деп адамдар жаға ұстады.

Сондықтан зиялылар, қоғам белсенділері және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы көп жылдан бері республиканың барлық аймағына ортақ, шариғат шеңберіндегі әрі салт-дәстүрімізді де ескеретін, сондай-ақ бүгінгі заман талабына сай келетін, ең бастысы, отбасылардың әлеуметтік жағдайына салмақ салмайтын, ысырапқа жол бермейтін жоралғыларды бекітуді ұсынып келеді. Әйтсе де, күн сайын шариғатқа да, қазақы ұғымға да қатар жат, дінімізде нақты талап етілмеген, ақырет үшін пайдасыз, шындығынан гөрі жорамалы басым, иманынан гөрі зияны көп түрлі рәсім-ритуалдар ел арасында етек жайып барады.

Әбу Насыр әл-Фараби мешітінің бас имамы Нұрлан Рамазановтың пайымдауынша, жаназ, жерлеу рәсімдерін және олардың айналасындағы жоралғыларды ретке келтіру, бір ізге түсіру, ел болып, бір қалыпты тандау — бір жағынан, халықтың ауызбіршілігін, елдің тұтастығын арттыруға ықпал етеді. Екіншіден, әралуандылықты алауыздыққа айналдырып, бірлікке сына қағуды, діни ахуалға нұқсан келтіруді мақсат еткен деструктивті күштерге тойтарыс беріледі.

Бұл бағытта ҚМДБ исламтанушы, дінтанушы, теолог, этнограф сияқты түрлі мамандарды тартып, ауқымды да жүйелі жұмыстар атқарып жатқан көрінеді. «Жаназ және жерлеу рәсімдері» кітабын басты. «Зират және зиярат мәдениеті» атты қазақстандық мұсылман жамағатына ортақ құжат қабылдады. Оның Шариғат және пәтуа бөлімі көптеген пәтуа шығарды. Себебі еліміздің әр аймағының өз салты болғанымен, шариғат үкімдері — күллі мұсылман үмбетіне ортақ. Бұл құжаттарда қарама-қайшылықтар мен талас-тартыстарға тойтарыс беріліп, жамағатқа бірдей жөн-жосық көрсетіледі, бірыңғай үкімдер келтіріледі.

Әйткенмен, Қазақстан Конституция бойынша зайырлы ел болғандықтан, ҚМДБ барлық қазақстандықтың орындауына міндетті заң шығара алмайды. Оның үкім, пәтуа, шешімдерінің бәрі нұсқаулық, кеңес мәртебесінде ғана қызмет етеді. Тісінше, қазақстандықтар үстанбақ түгіл елесе де еркі, елеусіз тастаса да ешкім қой демес.

ЗИРАТТАР НЕҮШІН ЦИФРЛАНДЫРЫЛАДЫ?

Мұндай жағдай ҚМДБ атқарған кең ауқымды жұмыстың қадірін түсіреді, еңбекті еш етеді. Сондықтан бұл мәселеге заң шығарушы орган да назар аударды. Алайда Үкіметтің оң қорытындысын ала алмағандықтан депутаттар «Жерлеу рәсімдері және зиярат ісі туралы» заңының жобасын жұмысқа қабылдай алмай келеді. 2025 жылғы наурызда бұл мәселені сенаторлар қайта

Пенде бақиға өткенде бақ, байлық, атақ пен даңқ — бәрі пәни дүниеде қалады, оның титімдей де бөлігін өзімен әкетуге тіпті ешбір патшаның қауқар-құзыры жоқ. Содан адам ақырғы демі шыққан соң өзіне соңғы рет құрмет көрсетілгенін, арулап ақиретке аттандырғанын қалайды. Қиямет қайымға шығарып салушы жұрттың оның сауапты істерін ауызға алып, иманын арттырып, жаны үшін жәннатқа жол ашуын тілейді. Бірақ бұқара үшін осы соңғы арман қолжетімсіз бола түсті. Жерлеу жоралғысы қызметтерінің құны қымбаттады. Депутаттар бұл көлеңкелі, аса табысты саланы мемлекеттік бақылауға алуды ұсынды.

Рухқа - құрмет, рәсімге рет керек



көтеріп, күн тәртібіне шығарғанын, Үкімет «жоқ» деп кері серпіп тастапты.

Сенаторлар Үкіметке, біріншіден, ритуалды қызметтер көрсететін және зираттарға қызмет көрсететін кәсіпорындарды мемлекеттік бақылауға алуды, оларды жекешелендіруге тыйым салуды ұсынды. Екіншіден, жекеменшік зираттардың қаптауына жол бермеу үшін заңнамалық деңгейде бейіт-мола атаулының мемлекеттік меншік мәртебесін бекітіп, оларды тек қана мемлекеттік басқару объектісі ретінде тануды сұрады.

Үшіншіден, Сенат барлық қорым-зираттардағы жерлеу орындарының санын нақты есепке алатын бірыңғай, мемлекеттік цифрлық жүйесін құрған жөн деп санайды. Ол деректер мемлекеттік органдардың басқа деректер базаларымен интеграциялануға тиіс.

Қазіргі кезде мұндай жұмысты ҚМДБ өз бетінше мұсылман зираттары бойынша жүргізіп жатыр. Бас мүфти, ҚМДБ төрағасы Наурызбай қажы Тағанұлының бастамасымен Qamqor-Sharapat салттық қызмет көрсету мекемесі 2024 жылы республика бойынша зираттарды цифрландыру жұмысын қолға алған-тын. 2024 жыл қорытындысында 910 гектарға жуық мұсылман зираты цифрландырылыпты.

Бытыр жалпы ауданы 1 600 гектар зират учаскелері коқыстан тазартылса, қоршаусыз тұрған жалпы алаңы 161 гектар зират учаскелері қоршалды. Әйткені ауқатты әулеттер жан тапсырған

беделді тұлғасына биік күмбезді мазар, үлкен дуалды қабірістан-пантеон тұрғызғанда, мұны кейде «жайылған мал кіріп, таптап тастамауы үшін» деп түсіндіреді. Зираттың ортақ қоршауы болса, онда ҚМДБ тұжырымдауынша, әр моланы жеке қоршаудың қажеті жоқ.

Qamqor-Sharapat орталығының директоры Мейрамбек Қабилбекулының мәліметінше, енді бұрын қайтыс болып, мұсылман бейіттерінде көмілген марқұмдардың аты-жөнін жинақтап, деректерін бір орталықта сақтау, цифрлы жүйеге енгізу сияқты жаңа бастамалар қолға алынды. Мұндағы мақсат — қайтыс болған мұсылмандардың аты-жөнін ортақ базаға енгізу, мұсылман зираттары туралы республикалық ақпараттық жүйе құру, оларда жерлеу үшін бөлінетін жер телімінің реттілігін сақтау, өмірден өткен кісіге қажетті құжаттарды ортақ база арқылы рәсімдеу. Сондай-ақ зәулім күмбез, мазар тұрғызуға тоқтау салу, қарапайымдылықты сақтап, рәсімдерді біріздендіру көзделіп отыр.

— Ата-бабасының қайда жерленгенін білмей, іздеу салған ұрпақтары бар. Зираттар базасын құру сол іздеу жұмысын жеңілдетеді. Бұл қызметті шетелдегі қазақтар да қолдана алады. Елдегі барлық облыс орталығындағы зираттарды цифрландыру жұмыстары жүргізіліп, ортақ база іске қосылып жатыр. Одан кейін аудан-ауылдардағы шағын мұсылман зираттары қамтылады, — деді ҚМДБ өкілі.

Сенатор Андрей Лукин ұқсас жұмыс барлық зират бойынша жүргізілгенін қалайды. Елде өзге дін өкілдерінің зираттары жетерлік. Оларда да тәртіп орнатылғаны абзал.

— Сондай-ақ ритуалды қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау күшейтілуге тиіс. Жерлеу бойынша негізгі қызметтердің шекті бағасын мемлекет орнатқаны дұрыс. Жерлеу рәсімдерімен байланысты қатынастарды реттеу, жерлеу ісін ұйымдастырудың баршаға бірдей

құқықтық негіздерін бекіту үшін Үкімет мүдделі мемлекеттік органдарға «Жерлеу рәсімдері және зиярат ісі туралы» заң жобасын әзірлеу туралы тапсырма беруі керек, — деді А.Лукин.

Оның айтуынша, ритуалды қызмет саласында жедел шешуші және мемлекеттің араласуын талап ететін көптеген проблема қордаланды. Заңсыз жерлеу бюролары қызмет етіп жатқан көрінеді. Соның салдарынан, сенатор бұл бизнестің соңғы жылдары экономиканың ең бақыланбайтын және көлеңкелі саласына айналғанын жеткізді.

— Тәжірибе көрсеткендей, ритуалды қызметтерді бәсекелі ортаға беру нарықтың монополиялануына, қылмыстық элементтердің пайда болуына соқтырды. Зираттар мемлекеттің меншігінде болғанына қарамастан, жерлеуге арналған жерді параға заңсыз бөлу, бір орынды бірнеше рет сату сияқты алаяқтық көріністері байқалады. Көрді қайта қазу, заңсыз эксгумациялау сияқты қылмыстар болған. Жерлеу қызметтері тоқтаусыз қымбаттайды. Мысалы, пандемия кезінде мемлекеттік құрылымдар қолжетімді бағаны қамтамасыз

мемлекеттік мүлікке зираттар да жатуы мүмкін деп жазылған. Ал 2021–2025 жылдарға арналған Жекешелендірудің кешенді жоспарында ритуалды қызметтер көрсететін және зираттарға қызмет ететін мемлекеттік кәсіпорындар жоқ. Қорыта айтқанда, зираттардың мәртебесін анықтау мәселесі қолданыстағы заңнамамен реттелген. Зираттарды жекешелендіру рәсімдері жоспарланып отырған жоқ, — деп қысқа қайырды Олжас Бектенов.

Жерлеу саласын цифрландыруға қатысты түсініктеме берген ол қандай да бір елді мекеннің шекарасы аясында зираттарға жер бөлуді жергілікті әкімдік қала салу құжаттамаларын әзірлеу аясында жүзеге асыратынына екіп түсірді. Барлық жылжымайтын мүлікті есептеу, соның ішінде жерлердің санаты мен нысаналы мақсаты «Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры» ақпараттық жүйесінде (ЖМБМК АЖ) көрсетіледі.

Мұның сыртында әрбір әкімдік өңірлік геоақпараттық жүйе мен жергілікті-локальды деректер базасын пайдаланып, жергілікті зираттарды сол арқылы басқаралы және жерлеу орындардың есебін өз беттерінше жүргізеді. Бұдан өзге, Премьер-Министр «Жария кадастрлық картаның» да барын еске салды (бірақ қарапайым адамның онымен жұмыс істеуі, түсінуі қиын). Бұл карта жерге қатысты мәмілелерді өткізу және қамтамасыз ету үшін ЖМБМК АЖ-дан жалпыға қолжетімді деректерді онлайн режимде алуға мүмкіндік береді. Қысқасы, ҚМДБ үлгісінде зираттардың мемлекеттік бірыңғай дерекқорын не ақпараттық жүйесін құруға Үкіметтің ниеті жоқ.

О.Бектенов жерлеу және ритуалды қызметтер саласына мемлекеттік бақылау күшейтілмейтінін хабарлады. Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, монополия болмаса, кәсіпкерлер өз бағасы мен тарифін қалағанынша белгілейтінін айтып дәйектеді.

Сенатқа қайырған жауабында Үкімет басшысы әзірге зираттарды бәсекелі ортаға беру қарастырылмағанын мәлімдеді. Сонымен бірге ол зираттардың «айрықша мемлекеттік меншік пен басқару объектісі» ретіндегі мәртебесін заң жүзінде бекітуді де артық санайды.

етіп тұрғанда, жеке операторлардың жерлеу құны 1 миллион теңгеге дейін барды, — деді сенатор.

Оның пікірінше, мемлекет лайықты күтіп ұстай алмай әрі бюджетті үнемдеу үшін болашақта зираттарды жеке қолға беріп қойса, онда елордадағы пантеон, ҚР көрнекті қайраткерлерінің аллеясы, жаңа қалалық зираттағы жасыл парк, Кенсай және басқа зираттар «VIP-бейіттерге» трансформациялануы мүмкін.

ЗАҢ ЕМЕС, АР СОТЫ АЙҚЫНДАЙДЫ

Сенатқа қайырған жауабында Үкімет басшысы әзірге зираттарды бәсекелі ортаға беру қарастырылмағанын мәлімдеді. Сонымен бірге ол зираттардың «айрықша мемлекеттік меншік пен басқару объектісі» ретіндегі мәртебесін заң жүзінде бекітуді де артық санайды.

— «Мемлекеттік мүлік туралы» заңының 82-бабының 1-тармағында жалпы пайдаланудағы

Қазақ халқында қайтыс болған адамды дәстүр бойынша арулап жуудан бастап, ақ матаға келіңдеу, жаназ, намазын оқыту, шығарып салу, жерлеу, қоштасу, қазаның қайғысын бөлісу, ары қарай жетісі, қыркы, елу екілік, жүзі, жылы сияқты астарын беруге қатысты діни және ұлттық жоралғылар бар. Оның бәрі кейде ағыл-тегіл шығынға соқтырады. Оданда оқылған Құран, жасалған дұғаның аруаққа тигізетін пайдасы, сауабы молырақ болса керек.

«Ұлы ас бермесем, ел бетіне қалай қараймын, перзенттік парызымды жарға жығамын» деп дәйектегенде, өлілердің қамы емес, тірілер ризашылығы басшылыққа алынатын болса керек. Олай болса, бұрыс сенімдерден саналы түрде арылып, ысырап орнына, қанағат пен ынсапқа мән беретін кез жеткендей. Ал мұны ешқандай заңсыз-ақ жасауға болады. Құлық, тілек пен ниет болса болғаны.

Елдос СЕНБАЙ

АЙМАҚ

17 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

ҚЫЗЫЛША ЖЫРЫ ҚАЙТА БАСТАЛДЫ

Жамбыл облысында былтыр рекордтық көрсеткіште қант қызылшасы өнімі алынды. Алайда өнім мол болғанымен шаруалар оны өткізетін орын таппай, қиналды. Тараз қант зауыты қызылша қабылдаудан бас тартқаннан кейін диқандар өнімін Меркі қант зауытына тонналап тасыды. Бірақ меркілік зауыттың өнім қабылдауға қуаттылығы жетпей, шаруалар ұзын-сонар кезекте тұруға мәжбүр болды. Диқандардың дабыл қаққанына билік өкілдері үн қатып, зауыт маңынан қант қызылшасын төгетін қосымша орын дайындап берген. Алайда осы шешім көктем шыға қос бүйірден қысып, далада қалып шіріген қызылша орны шыбын-шіркей мекеніне айналып отыр.

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Тұрғындардың айтуынша, қаптаған қара шыбыннан бүгін де олар аяқ алып жүргісіз күйге түсіпті. Шыбын-шіркей тыныс жолдарына кіріп, тіпті демалу мүмкін болмай бара жатқан көрінеді. Ал ауданның атқамінерлері залалсыздандыру жұмыстарын жүргізгенімен, нәтиже болмауда. Енді аудан тұрғындары елді мекенде ауру тарай ма деп қауіптенуде. Халықтың сөзіне сүйенсек, наурыз айынан бастап ауыл балаларының арасында ішек инфекция аурулары жиілеп кеткен. Қолқаны қапқан иіс, тіпті аудан орталығына дейін жетіп отыр.

— Меркі қант зауыты маңында мұндай күрделі мәселе туындағаны жасырын емес. Алайда жергілікті билік тарапынан шіріген қызылшаны басқа аймаққа тасымалдау жұмыстары жүргізілуде. Ауылдан шамамен 12-13 шақырым жерге



шығарылып, шұңқырға көмілуде. Қызылша тастаған орын артынша залалсыздандырылуда. Бұдан бөлек, шыбын-шіркейдің жиналған негізгі көзі болып табылатын Меркі қант зауыты маңындағы орын да залалсыздандырылуда. Бұл жұмыстар біздің басты назарымызда тұр, — дейді Меркі ауданы әкімінің орынбасары Қайрат Арғымбаев.

Міне, осылайша, билік өкілі бар мәселе бақылауда тұрғанын айтуда. Алайда Қайрат Рахымбайұлы шіріген қанша қант қызылшасы шығарылып тасталып жатқаны туралы ақпарат бермеді. Бұл олардың ішкі құпиясы екен. Жарайды, нақты сандар айтылмаса да, шіріген қызылшаның көлемі аз емес екенін әркімнің іші біліп отыр.



Негізі, қант қызылшасына қатысты бұл бірінші мәрте туындап отырған мәселе емес. Бұған дейін шаруалар Меркі қант зауытына өткізген тәтті түбірінің ақысын ала алмай шырыл қақса, одан кейін де қаржыға қатысты сан қиындықтар туды. Енді биылғы жағдай қалай болмақ?

— Меркі қант зауыты қабылдап алған өнімнің ақшасын әлі берген жоқ. Қашан беретіні де белгісіз. Өзім былтыр 700 гектарға қант қызылшасын ектім. Алайда алынған өнімді өткізе алмай, басқа облыстарға шапқыладым. Соны Меркі қант зауыты өнімнің келісін 1 теңгеден алды. Оған қоса, субсидия алу үшін 25 пайызын шегеріп тастау туралы шарт қойды. Бір сөзбен айтқанда, өткізген өніміміздің 25 пайызы қоқыс ретінде сызылып кетті. Өнімді өткізе алмайтындығымызға көзіміз жеткендіктен, амал жоқ барлық шартқа келісуімізге тура келді. Содан шығынға белшемізден баттық. Биыл 80 гектарға ғана қызылша ектім. Себебі

біріншіден, ақша жоқ, екіншіден, өнімді өткізе аламыз деген сенім жоқ, — дейді «Манат» шаруа қожалығының төрағасы Саха Манатов.

Жалпы, биыл шаруалардың өнімді қызылша егуге құлықты емес. Алдыңғы жылы диқандар 11 мыңнан аса гектарға қызылша ексе, биылғы межені жергілікті билік өкілдері 7 мың деп көрсеткен. Алайда бұл межені шаруалар бағындырмайтыны анық болып тұр. Себебі былтырғыдай алаөкпе болып, одан қалса өнімдерін ит-құсқа жем қылуға ниетті емес.

Ауыл шаруашылығы саласы мамандарынан білгеніміз, Меркі қант зауыты маңында шіріген қызылшаның құнын кәсіпорын төлеп беруге тиіс екен. Алайда өндіріс орны қабылдап алған тәтті түбірдің ақшасының өзін төлей алмай отырғанда, далада қалып, шіріген өнімге өтем береді дегенге сену қиын. Сондықтан қызылша жыры бұнымен бітпей, билік өкілдерінің тағы бас ауруына айналатын секілді.



Орал қаласы үшін қоқыс шығару үлкен проблемаға айналуы мүмкін. Себебі жалғыз қоқыс төгетін полигон толып қалған. Толғаны аздай, ол полигонның пайдалану мерзімі өтіп бара жатыр. Негізгі полигонды пайдалану мерзімі сонау 2000 жылы аяқталған. Ол кезде амалдың жоқтығынан тағы 25 жылға ұзартқан еді. Енді сол межелі уақыт та таяп қалды. Полигон өзі қолданысқа 1975 жылы берілген. 50 жылға жуық уақыт жұмыс істеп тұрған қоқыс полигоны қазір әбден тозған.

А Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Орал қаласындағы Зашаған кентінен 10 шақырымдай жерде орналасқан бұл полигонға күніне тонналап қоқыс төгіледі. Полигонды ICM Recycling компаниясы 10 жылға сенімгерлік басқаруға алған. Қазір олар келісімшарт бойынша күтіп ұстап отырмыз деседі. Ал жалпы, қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны Орал қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің балансында.

БҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу бас-

кармасының мәліметінше, облыста қатты тұрмыстық қалдықтардың 147 полигоны тіркелген. 145 полигон ауылдық округтердің орталықтарында, ал екі полигон Орал мен Аксай қалаларында орналасқан.

Экологтардың айтуынша, еліміздегі полигондардың әлемдік деңгейдегі стандарттар мен заңға сай жұмыс істеуіне қомақты қаражат керек.

«Полигондарды дүниежүзілік экологиялық кодекстің талаптарына сәйкестендіру үшін оған қыруар ақша керек. Оралға полигон салу үшін қомақты қаражатты кім береді? Бізде заң әлемдік кодекспен реттелгенімен, ақша бөлуге келгенде әлемдік масштабқа сай емес. Сондықтан осы жерде қарама-қайшылық туады», — дейді қоғам белсендісі Дәуренбек Сахым.

ҚОҚЫС ПОЛИГОНЫ ҚАШАН САЛЫНАДЫ?

Бұл полигон толып қалғаны аздай, жиі өртенеді. Одан шығатын күлімсі иісі тағы бар. Қала тұрғындары осы иіске көп шағымданады. Себебі кешкі уақытта сыртқа шығып серуендеу, үйдің терезесін ашу мүмкін болмай қалады. Әсіресе, жаз уақытында қиын.

Дәуренбек Сахым осы уақытқа дейін полигон өртенген кезде Экология департаменті өкілдерін жанып жатқан аймаққа ертіп барған. Айтуынша, сол сәтте ауаның ластануын тексерген департамент мамандары «Ластану көрсеткіші жоқ» деген. Экологтың сөзінше, мәселенің шешімі — полигонды жана орынға көшіру мен қоқысты дұрыс орналастыру.

Қала маңындағы қатты қалдықтар полигоны толып қалғанын, қолдану уақыты асып кеткенін қалалық әкімдіктегілер де мойындап отыр. Бірақ қысқа жіп күрмеуге келмей, жана полигон сала алмай отырғандарын айтады. Айтпақшы, жана полигонның жобалық-сметалық құжаты да дайын. Жоба құны 12 млрд теңгені құрапты.

«Полигон көлемінен асып кетті. Екі мыңыншы жылдан бастап, биылға дейін қайтадан мерзімі ұзартылды. Биыл соңғы жыл деуге болады. Барлық қоқыс

көзге көрініп, жер бетінде шашылып жатыр. Қазір қолымызда жобалық-сметалық құжат бар. Сараптаманың оң қорытындысын алдық. Біз атқарушы орган болғаннан кейін жоғарғы өкілетті органнан жауап күтеміз. Облыстық Энергетика басқармасына және Табиғатты қорғау басқармасына бюджетті қорғау өтінімі ұсынылды. Қазір қарастырып жатыр. Жобаның құны 12 млрд көлемінде болғаны қиындау болып тұр», — дейді аталған бөлімнің абаттандыру секторы меңгерушісі Дархан Еркінұлы.

Егер қаражат табылып, жана полигон салынса, ол барлық талапқа сай болуы керек. Себебі қазіргі полигон ол жай ғана қоқыс төгетін алаң ғана. Айналасында ең құрығанда қоршау да жоқ.

«Жана полигон Зашаған кентінен 15 шақырым жерде болады. Қазір қолданыстағы полигон сол кезде қалай бар, солай берілген. Былайша айтқанда, қазір сырты тек тормен қоршалып тұр. Қалдықтар жер бетінде шашылып жатыр. Ол жерде әкімшілік ғимарат та жоқ. Қалдық жинау үшін жағдай жасалмаған, қоқыс ашық орынға жиналып жатыр. Жана полигонда жұмыс істеу үшін қажетті әкімшілік заңнамалар қа-

растырылған, инженерлік инфрақұрылым толығымен тартылады. Қазіргі сұрыптау жүйесімен салыстырғанда, болашақта қалдықтардың соңғы көлемі әлдеқайда аз болады», — дейді Дархан Еркінұлы.

Біз полигонды күтіп ұстауымыз мердігер компания өкіліне де хабарласып көрдік.

«Қазір полигон 95%-ға толды, тіпті одан көп те болуы мүмкін. Мердігер мекеме болғаннан кейін келісімшарт бойынша міндетіміз — полигонды күтіп-ұстау. Полигон аумағы — 35 гектар. 2019 жылы іске қосылған Green Servis Company сұрыптау кешеніміз бар. Қоқысты күнде сұрыптайды. Полигонға жылына 71-72 мың тонна қоқыс түседі. Күніне қаладағы және даладағы қоқысты жинайтын 70-80 көлік келеді», — дейді ICM Recycling компаниясының директоры Алмас Пішенбаев.

Орал қаласындағы қоқыс полигонының мәселесі қазір күн тәртібіндегі өзекті мәселе болып тұр. Тұрғындардан түсетін арызшағым да көбейген. Экологтар да дабыл қағып жатыр. 50 жылдан бері қызмет атқарып тұрған полигон әбден тозған. Ал жоғары жақ жана полигон салуға ақша бөлінген жоқ деп ауыздарын құр шөппен сүртіп отыр. Өне-міне, жаз шығады. Қоқыс полигоны тағы шіріп, иістенеді. Ол аздай, өртенеді. Қаланы тағы көк тұман басады. Бұл оралдықтар бетпестет келетін жылдағы проблемаға айналды. Ал билік болса жана полигон салуға асығар емес.

Ақмола облысында кезекті егіс науқаны басталды. Түйткілді мәселелерді реттеуде жергілікті билік пен ауыл шаруашылығының құзырлы органдары қандай әрекет етті? Ауылдағы дикан қауымын алаңдатқан мәселелерді жіпке тізгенді жөн көрдік.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Облыстық Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, аймақта биыл жалпы көлемі 5,5 миллион гектар жерге дән себілмек. Сонымен бірге өңірдегі астық өндіруші 664 аграрлық шаруашылыққа 100 миллиард теңгеден астам жеңілдетілген несие беріліпті. Облыс әкімдігінің мәліметінше, егістік жер көлемі өткен жылғымен салыстырғанда 52 мың гектарға артқан. Облыс әкімі бұл өңірдегі аграрлық шаруашылықтардың жоспарлы жұмысы мен ауыл шаруашылығы саласындағы тұрақты динамиканың жемісі екенін атап өтті.

— Диверсификация шеңберінде майлы дақылдар көлемі 430 мың гектарға дейін ұлғайтылды. Жемшөп дақылдары өткен жылдағыдай деңгейде себіледі. Жаздық егіс қазіргі уақытта 750 мың гектардан астам алқапқа себілді. Көктемгі егіс науқанын өткізу үшін барлық әзірлік шаралары толыққанды жасалды. Қысқы уақытта ылғалды жинау мақсатында 1,1 миллион гектар егістік даласында қар тоқтатылған. 3 миллион гектардан

АСТЫҚТЫ АЙМАҚ АЛАҢДАП ОТЫР



астам жерде ылғал жабылды. Көктемгі егіс жұмыстарының алдында екі миллион гектардан астам жер өңделді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда үш есе жоғары, — деп атап өтті облыс әкімі Марат Ахметжанов.

Өңірде қажетті тұқым қоры сақадай-сай әзір. Биыл ауамен жылытуға іс жүзінде екі есе көп тұқым жеткізілген. Өткен жылдармен салыстырғанда минералды тыңайтқыштармен өңдеу де үш есеге жуық ұлғайтылған.

Дегенмен өңір дикандарын толғандырған мәселелер еш толастаған емес. Мәселен, «Аскоп» ЖШС басшысы жеңілдікпен берілетін жанармай алудың өзінде бірталай қиындыққа тап болатынын жеткізді. Атап айтқанда, көктемгі дала жұмыстарын дер уақытында жүргізу үшін жанармай шығындарына базалық нормативтерді бекітуге қатысты өзекті мәселе көтерді.

— Көктемгі егіс және егін орағы кезінде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін мұнай өнімдерін бөлу және қалыптастыру қағидаларына сәйкес егіс науқаны жұмыстарын атап айтқанда жер жырту, өсімдерді зиянкестерден қорғау үшін дәрілерімен өңдеу, қар тоқтату, күзгі дақылдарды себу басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды дер кезінде жүргізуге дизель жанармайын алу үшін ауылдағы шаруа gosagro.kz уеб-порталы ақпараттық жүйесінде өтінім қалдыратын. Алайда былтырдан бастап, аталған пунктке жоғарыда аталған жұмыс түрлерін жүргізу үшін жанармай шығынының базалық нормативі бекітілмеуіне байланысты шаруаларға қолжетімсіз болып қалды. Сондай-ақ ауылшаруашылық жұмыстарында келер жылдарға парға қалдырылған жерлерді өңдеуге де жанармай қарастырылмай қалған. Бұл мемлекет тарапынан ерекше назар

аударуды әрі қолдауды қажет етеді, — дейді кәсіпорынның бас директоры Николай Степаненко.

Дикан қауымын жылдар бойы жүйкесін тоздырған тағы бір жайт — аймақта киік санының жылдағыдан көп болуы. Шаруалар жаңа ғана егілген бидай көгінің шықпай жатып, киік тұяғының астында тапталып, шығынға белшесінен батамыз ба деп қауіптенеді. Облыс әкімімен өткен жиында келтірілген нақты деректерге жүгінсек өңірдің бірнеше ауданында жағдай аса өткір. Шаруалар егіс алаңына жаппай кірген киіктердің шабуылынан күзде мүлде өнімсіз қаламыз деп шырылдап отыр.

Ақмола облыстық мәслихатының депутаты, Егіндікөл ауданындағы «Қоржынкөл-А» ЖШС директоры Әбілқайыр Ошақбаевтың айтуынша, қазіргі уақытта облыстың Целиноград, Қорғалжын, Егіндікөл, Атбасар, Астрахан, Жаксы және Жарқайын аудандарында егістік алқаптары киіктердің тұяғына тапталып кетуі мүмкін. Бұл өңірдегі бидай өнімін 60-70 пайызға дейін төмендетуі ықтимал.

— Ауылдағы егін егіп, нәпакасын айырған ағайынның шырылын ешкім естімейді. Киіктердің бидайды жемейтінін, таптамайтынын айтатындар көп. Мен өз басым комиссияны шақырып, олардың егінді қалай таптап, қалай жеп кететінін көрсеттім. Егістіктің үстімен сағатына 50 шақырым жылдамдықпен бес мың киік шауып өтеді. Олардың таптап кеткен тұяғынан кейін не қалуы мүмкін? Биыл Мемлекет басшысы біздегі

мәселені ашық айтып, шешім қабылдауды өтінді. Мәселе күзге қарай шешілуі де мүмкін. Бірақ киіктер жаз бойы егіннен түк қалдырмайды, — дейді Әбілқайыр Ошақбаев.

Түйткілді мәселе көтерген «Қоржынкөл-А» серіктестігінің басшысы оны шешудің жолдарын ұсынды. Оның алғашқысы — киіктер санын ғылыми-биологиялық негіздеме бойынша реттеу.

— Экология және Ауыл шаруашылығы министрліктері ауыл шаруашылық тауар өндірушілерінің егістіктерін қорғау бойынша бағдарлама жасақтауға тиіс. Сонымен қатар орман шаруашылығы және жануарлар әлемі инспекциялары да шаруалармен бірге киіктер төлдегеннен кейін егістіктерден бірлесіп қууын ұйымдастыру қажет. Сонымен қатар Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Экология министрлігі алынбаған өнім мен шығын көлемін өтеу бойынша тетіктер мен шаралар жүзеге асыруы керек. Егер қажет болған жағдайда облыс аумағына өтетін жолдарын шарбаппен қоршаған жөн, — дейді Әбілқайыр Ошақбаев.

Қалай дегенмен де жылда қайталанатын өзекті мәселе әлі де болса шешімін таппай келеді. Керісінше, жыл өткен сайын күрделеніп, дикан қауымымен қоса, тұтас ауыл шаруашылығын деміктіріп тұр. Салада сілкініс тудыратын әрі жағдайды реттейтін дұрыс қадам дереу арада жасалмаса, астықты аймақтардағы ахуал қиындап, нанның құны алтынмен пара-пар болатын күн алыс емес сияқты...

Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі — Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі — Регламент) 20-бабы негізінде ашық конкурс тәсілімен Университеттің №6 жатақхана ғимаратының сыртқы қасбетіне жөндеу жұмыстарын жүргізуді сатып алу.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысушылар Университет Регламенттің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет. Қаржылық және экономикалық қабілеттіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);
2. Әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;
3. Әлеуетті өнім берушінің орындаған жұмыс көлемін растайтын жалпы табысы туралы анықтамасы немесе сатып алу нысаны болып табылатын жұмысты орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;
4. Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат алғанын және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары;
5. Әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда соңғы он бес жыл ішінде уақытша қабылданған құрылыс

жұмыстары мен толық қабылдау процедуралары аяқталған құрылыстарға қатысты қызмет көрсету саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);

6. Әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің бар екенін немесе осындай қызметкерлерді жұмысқа тартатынын растайтын құжаттары;
 7. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын қызметті көрсету немесе құрылыс жұмыстарын орындау саласындағы әкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;
 8. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары;
 9. Әлеуетті өнім берушінің тікелей қарамағында немесе одан тыс мекемелерде жұмыс істейтін, сапаны тексеруге жауапты техникалық қызметкері немесе техникалық ұйымдары туралы құжаттар;
 10. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмыстың конкурстық құжаттамада көрсетілген стандарттарға сәйкестігін растайтын, халықаралық ережелерге сай аккредиттелген сапаны тексеру ұйымдары тарапынан берілген сертификаттары;
 11. Құжаттардың ішінде құрылыс және осыған қатысты жұмыстарды сатып алу бойынша құрылысты бақылау немесе басқару қызметтеріне жұмысқа қабылданатын жеке тұлғалардан инженер немесе сәулетші мамандығының иесі екенін растайтын құжаты талап етіледі.
- Бұдан басқа, жұмыстарды орындау барысында, мекеме қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік, техникалық қауіпсіздік шаралары, әлеуметтік қорғалуы талаптарының қамтамасыз етілген-

дігін нақтылау үшін еңбек заңнамаларына сәйкес үлгілік еңбек шартын ұсынуы қажет. Жұмыстарды орындау барысында, дәнекерлеу, электр монтаждары жұмыстарын орындау қажеттілігі туындаған жағдайда, аталған жұмыстарды орындайтын қызметкерлерінің 3-санаттан кем емес рұқсат құжаттары болуы қажет.

Конкурсқа қатысушылардың Түркістан қаласында құрылымдық бөлімшесі немесе жұмыстарды орындауға қатысты серіктес мекемелері бар болған жағдайда құрылымдық мекемесінің деректері туралы немесе серіктес мекемесімен міндеттемелер бойынша жасалған шарттарын ұсынуы қажет.

12. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBKKZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 09.06.2025 ж. (14:30), 201-кабинет.

ДОДА

17 МАМЫР 2025 | СЕНБІ

РУХ ПЕН ЖІГЕРДІҢ
СЫНЫ

Айталық, мұндай бәсеке елордада алғаш рет өтті. Елімізде бұрын-соңды пара дзюдодан Әлем чемпионаты ұйымдастырылмады. Әрі бұл дода 2028 жылғы Лос Анд-желес паралимпиадасына іріктеу турнирі статусына ие. Сондықтан балуандар барын салып, арманына бір қадам жақындағандай болды. Кіл мықтылар тұлпарын қосқан аламанда жергілікті жүйріктер бос қайтқан жоқ.

Иә, әуелде Ақмарал Науатбек, Ерғали Шәмей, Даяна Федосова, Жұрқамырза Шүкірбековтен жұлде күткеніміз рас. Оған қоса, елорда татамиінде бразилиялық Алана Мальдонадо, жапон Южито Широ, румын Флорин Болога, өзбек Шерзод Намозов, түрік Ибрахим Бөлүкбашы белдесті. Осыдан-ақ тартысқа толы бәсеке өтеріне күмән болған жоқ. Барлығы 10 салмақта 40 жұлде жиынтығы сарапқа салынды. Ерлер 70, 81, 95, 95 келіден жоғары салмақта белдессе, әйелдер 46, 52, 60, 70, 70 келіден жоғары салмақта жұлдегә таласты.

Жарыстың алғашқы күні сенсацияға толы болды. Жұлде күткен Ақмарал Науатбек (J2,52 келі) ширек финалда сүрінді. Қарсыласынан жеңілгенінен емес, ереже бұзған соң жарыстан шеттетілді. Бұған жанкүйердің көңілі түсті, білем. Ұзақ уақыт трибунадан қарсылық үні тынған жоқ. Мұндайды күтпеген төреші ауық-ауық артына бұрылып, жанкүйерлерге қарап қояды. Ал Даяна Федосова (J2, 60 келі) 1/8 финалда екі дүркін Паралимпиада чемпионы неміс Рамона Бруссигті қапы қалдырып, кішігірім сенсация жасады. Ширек финалда түрік Донду Есілортке мүмкіндік бермеді. Бірақ жартылай финалда бейтарап елдің өкілі Дарья Становадан айлсын асыра алмады. Десе де, қола үшін белдесуде Барзилия спортшысы Мария Дос Сантос Линсты таза жеңді. Бұл Даянаның жаһан додасындағы екінші медалі еді.

«Маған қола бұйырды. Финалға шыға алмағанымға қынжылдым. Сәті түспегені өкінішті. Жарысқа барынша дайындалдым. Келесі жолы алтын жұлде еншілеймін деп ойлаймын», — деді Даяна Федосова.

Сонымен, жарыстың бірінші күні пара дзюдошылар бес жұлде еншіледі. Ішінде бір алтын, бір күміс пен үш қола бар. Бексұлтан Құлмырза (J2, 81 келі) алтын алса, Ғалымжан Смағұлұлы (J2,81 келі) күміспен күптелді. Ерғали Шәмей (J1, 81 келі), Даяна Федосова (J2,60 келі) және Айназ Куралова (46келі, J1) қола медаль алды.

Ал жарыстың екінші күні де тартысқа толы болды. Пара дзюдоның тек спорт емес, рух пен жігердің сыны екені көпке белгілі. Бұл додада татамиге шыққан дзю-

ТҰҒЫРДАН
ТҮСПЕГЕН ТҮ

Астанада 13-15 мамыр аралығында Пара дзюдодан әлем чемпионаты өтті. IBSA Judo World Championships турниріне 38 елінен 300-ге жуық пара спортшы қатысты. Үшкөмпіров сарайында өткен бәсекеде ел құрамасы 11 жұлде жеңіп алды. Жанкүйерлер ел мерейі тасыған сында барынша қолдау көрсетті.

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

дошының жөні бөлек. Оалдымен өзімен күресте жеңіске жетіп, содан кейін жеңісті жолын жалғауға қадам басып тұр. Содан болар, мұны жанкүйерлер де жанымен түсінді. Барынша қолдады, дем берді, керек кезде сынап алды.

Әрине, екінші жарыс күнінің жұлдызы — Жұрқамырза Шүкірбеков. Ал сол күннің батырлары — Ерлан Өтепов (J1, +95 келі) пен Бағланбек Оналбек (J1, +95 келі). Ерлан Өтепов қоланың жолында ширек финалда моңғол балуаны Ерденебилег Лхагвадоржды 27 секундта жеңді. Ал Бағланбек Оналбек сол кезеңде Аустралия спортшысы Шаун Эдварсты 12 секундта таза жеңді. Екі спортшының күресіне ел сүйсініп, ақ жол тіледі. Бірақ Өтепов жартылай финалда Париж Паралимпиадасының күміс жұлдегері Ион Басокка жол берді. Бағланбек Оналбек болса өткен паралимпиаданың чемпионы Вилианс де Арахуходан ұтылды. Ал қола үшін белдесуде екеуі де аянбай, жарқын күрес көрсетті.

Сол күннің жауһары Аяла Мереке (J2, 70 келі) жанкүйерін жүйелі күресімен тәнті етті. Ширек финалда Лондон Паралимпиадасының қола жұлдегері Дугу Четені юко әдісімен жеңгені қандай-ды. Жартылай финалда жапон балуаны Ацуми Нишимураны таза жеңіп, финалға өткенде халық тұрып қол соқты. Осылайша, Аяла Мереке осы әлем чемпионатында финалға шыққан алғашқы ару атанды. Ал актық сында екі дүркін Паралимпиада чемпионы Алана Мальдонадоға жол берді. Жоғарыда жазғанымыздай, Алананың бұл бәсекеге босқа келмегенін күні бұрын сез-

дік. Десе де, Аялаға Парижде бұйырмаған жұлдені туған топырағы сыйлады. Бұған ол қажырлы еңбек, ерік-жігер мен табанды режимнің арқасында жетті.

ҚОС ӘЛЕМ
ЧЕМПИОНЫ

Есте болса, турнирдің бірінші күні 81 келіде J2 санаты бойынша финалда қос қазақ кездесті. Бірі Бексұлтан Құлмырза болса, екіншісі — Ғалымжан Смағұлұлы. Екі ұланның белдесуі 3 минут 11 секундта созылды. Бірін-бірі ала алмай, осал тұсты таба алмай біраз әбігерге түсті. Біразы белдесу «алтын уақытқа» ұласатынын топшылады. Алайда Бексұлтан ұрымтал тұсты пайдаланып, қарсыластың жауырынын жерге тигізді. Осылайша, ол мансабындағы алғашқы алтынның дәмін татты. Жай алтын емес, әлем чемпионатының алтыны. Құлмырза 1/8 финалда Германиядан келген Самуэль Ван Мелледен, ширек финалда ұлыбританиялық Еван Моллойды, жартылай финалда



шы. Ол 1/8 финалда корей Донгхун Кимді, ширек финалда Оңтүстік Африка өкілі Жак Жоубертті, жартылай финалда литвалық Освалдас Барейкисті қапы қалдырды. Финалдан кейін екеуі құшақ айқастырып, жеңісті бірге тойлады. Бексұлтан Ғалымжанның да қолын көтеріп, «жеңіс біздікі» дегендей ымдады. Жанкүйердің де бойын рух кернеп, Әнұранды шырқар сәтті күтті.

Жарыстың екінші күні +95 келі салмақта J2 санаты бойынша Жұрқамырза Шүкірбеков әлем чемпионы атанды. Шүкірбековтің

Паралимпиадасының чемпионы, түрік Ибрахим Белюкбашины жеңді.

ТУҒАН ЖЕРГЕ
ТАРТУ

Туған жерге тарту дейміз бе, әлде татамидегі триумф дейміз бе, оны жанкүйердің еншісіне қалдырдық. Айтпағым, жарыстың үшінші күні ерлер мен әйелдер құрамасы командалық сында топ жарды. Бұған дейін бағынбай жүрген биік аласарғандай көрінді. Әйелдер құрамасы айналмалы жүйе бойынша күресіп, жеңіске жетті. Олар Түркия, Үндістан, Түзбекстан құрамасынан басым түсті. Тек бастапқы кезеңде бір ұпаймен Бразилияға жол жерді. Ал алтын үшін айқаста өзбек қыздарымен өткен белдесу эмоцияға толы болды. 4-3 есебімен алға шығып, тарихи жеңіс тіркеді.

Иә, ерлер де аянып қалмады. Финал нағыз драмаға толы кино десек, сценарийін жігіттер жазды. Өйткені негізгі белдесуде алма-кезек жеңіс тіркеліп, турнир овертаймға жалғасқандай әсер қалдырды. Суперфиналда Жұрқамырза Шүкірбеков Париж паралимпиадасының қола жұлдегері Марсело Касановатен ваза-ари әдісімен айлсын асырды. Осылайша, ерлер құрамасы әлем чемпионатының алтынын еншіледі. Бапкерлер бөркін аспанға атып, Жекпе-жек сарайында «Қазақстан» аты жаңғырды. Жеңістен соң бапкердің «сендер нағыз батырсындар! Қазақстанның қандай қуатты қарсылас екенін дәлелдеңдер! Әлем чемпионы болып бір дәлелдесендер, мынау — екіншісі. Мен сендермен мактанамын» деп қолпаштады. Осыған қарап Ту ұстаған елдің тұғырдан түспегені қандай ғанибет деп марқайып қайттық.



Шахбан Курбановты жеңді. Шардараның талантты ұлы спортта шекара жоқ екенін тағы бір рет дәлелдеді.

Күміс еншілеген Ғалымжан Смағұлұлы да осы тунирді жалында сақтайды. Өйткені карьерасындағы алғашқы жұлдені атына жазды. Еліміздің бәсекеге қабілетті екенін, бұл салмақта фавориттерді тәрбиелейтінін дәлелдегендей. Қызығы, Ғалымжан спорттағы мансабын 26 жасында бастаған. Нағыз ерік-жігердің не екенін, еңбектің дәмін білетін пара дзюдо-

аянып қалмайтынын жанкүйері жақсы білді, білем. Париж паралимпиадасынан кейін «алтын алғым келген, алда әлі талай мүмкіндік болады, қазаққа алтын сыйлаймын» деген-ді. Жігіт сөзінде тұрып, әлем чемпионатының алтын тұғырына шықты. Шығып қана қоймай, жартылай финалда бітіспес қарсыласы, грузин балуаны Реваз Чикоидзені айналып өтті. Ол Париж Паралимпиадасының жартылай финалында дәл осы спортшыға есе жіберген еді. Ал шешуші белдесуде Париж



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баиян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4593
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,